

БІЗ – 20 МИЛЛИОНБЫЗ!

Қазақстан халқы 14 қарашада 20 миллион адамға жетті. Халықтың деректер базасының көрсеткіштеріне сәйкес, таңғы сағат 8.10-да дүниеге келген 5 бала еліміздің 20 миллионыншы тұрғыны атанды. Ұлытау, Жетісу, Атырау, Ақмола және Түркістан облыстарында туған нәрестелердің үшеуі ұл, екеуі қыз. 1991 жылы Қазақстанда халық саны 16,4 млн адамды құраған еді.



ЗАН

ZANMEDIA.KZ

✉ zangazet@mail.ru

№87 (3618) 17 қараша 2023

газеті

Қоғамдық-саяси, құқықтық газет



СҰХБАТ

Сәкен АБДОЛЛА,
ҚР Жоғарғы Сотының судьясы,
ҚР Судьялар одағының төрағасы:

«СОТ САРАПШЫЛАРЫНЫҢ ЖАУАПКЕРШІЛІГІН БЕЛГІЛЕУ КЕРЕК»

Ғылыми-техникалық прогресс жағдайында сотқа дейінгі тергеп-тексеру және сот төрелігін жүзеге асыру кезінде сот-сараптама қызметі айрықша маңызға ие. Аталмыш институттың Қазақстанда құрылу және қалыптасу тарихы терең, сондай-ақ ол Әділет министрлігінің Сот сараптамалар орталығының іргетасы қаланған тарихи кезеңдермен тікелей байланысты. Бүгінгі таңда сот сараптамасы қолданбалы білім және қызмет саласына тиісті деп танылады. Оның қолданысы және өрекет аясы азаматтық қоғамның түрлі салалардағы құқық қорғау мәселелерін шешу барысында арнайы ғылыми білімді пайдалану жөніндегі сұраныстар арқылы анықталады. Құқық қорғау секторының призмасы арқылы сот сараптамасы институтын дамытудың кейбір өзекті мәселелері мен негізгі бағыттары жөнінде ҚР Жоғарғы Сотының судьясы, ҚР Судьялар одағының төрағасы Сәкен АБДОЛЛАМЕН сұхбаттасқан едік.

– Сәкен Жүсіпақметұлы, сот-сараптама қызметі бойынша тәжірибеңіз мол екенін білеміз. Сіз қылмыстық іс жүргізу, криминалистика және сот сараптамасы саласындағы мамандардың бірісіз. Бұл қызметтер қалай жүргізіледі және осы уақыт ішінде қандай нәтижелерге қол жеткізілді?

– Алдымен менің кәсіби білімімнің негізгі базасы С.М.Киров атындағы Қазақ мемлекеттік университетінде (қазіргі ҚазҰУ) қаланғанын атап өткім келеді. Түрлі жылдар ішінде прокуратурада, сотта, сот сараптамасы саласындағы уәкілетті органның аумақтық бөлімшелерінде, Шымкент облысы Әділет басқармасы басшысының орынбасары, Оңтүстік Қазақстан облысы және Алматы қаласы Әділет басқармаларының басшысы, сондай-ақ ҚР Әділет министрлігінің Сот сараптамалары орталығының директоры лауазымдарын атқардым.

(Соңы 2-бетте)

БҮГІНГІНІҢ БАС ТАҚЫРЫБЫ

ПРЕЗИДЕНТ ЖАҢА КАССАЦИЯЛЫҚ СОТ МОДЕЛІН ҚОЛДАДЫ



Мемлекет басшысы Жоғарғы Сот төрағасы Асламбек Мерғалиевті қабылдады.

Төраға Қ.Тоқаевқа сот жүйесінің қазіргі қызметі жөнінде мәлімет берді. Асламбек Мерғалиев Президенттің дербес кассациялық инстанция құру үшін консультациялар өткізу туралы тапсырмасының орындалу барысы жайлы баяндады. Заңгерлермен, ғалымдармен, бизнес-қоғамдастық өкілдерімен және Парламент палаталарының депутаттарымен бірлесе талқылау жұмыстары жүргізіліп, соның негізінде елордада (қылмыстық, азаматтық және әкімшілік істер бойынша) үш кассациялық сот құру моделіне оң баға берілді.

Жоғарғы Сот алдын ала қарау институтын жоюды, «толық кассацияны» қолдануды, қаралуы 6 айдан аспайтын «ақылға қонымды мерзім»

белгілеуді, сондай-ақ тараптардың міндетті түрде қатысуымен сот процесін жүргізуді ұсынады. Өз кезегінде, жоғары сот органы қадағалау ісіне және сот практикасының бірыңғай болуын қамтамасыз етуге баса мән береді. Сонымен қатар Қасым-Жомарт Тоқаевқа әкімшілік әділеттің жұмысы мен халықаралық ынтымақтастықты дамыту мәселесі жөнінде айтылды. Жоғарғы Сот төрағасы цифрландыру және сот қызметінің ашықтығы мен сот төрелігінің қолжетімді болуын жақсарту мақсатында жасанды интеллект элементтерін енгізу жайында айтты.

Мемлекет басшысы сот жүйесінде жүргізіліп жатқан реформалардың сапасына және барлық сатыдағы істерді қарау кезінде заңдылықты қамтамасыз етуге ерекше назар аударды.

Өз тілшіміз

ПАРЛАМЕНТ

БИЗНЕС ӘЛІ КҮНГЕ МЕМЛЕКЕТ КӨМЕГІНЕ ЗӘРУ

Шағын және орта бизнесті мемлекеттік қолдаудың тәсілдері мен тетіктерін түбегейлі қайта қарау қажет. Өйткені, бірқатар бағдарламаның іске қосылғанына көп уақыт өтсе де, өз тиімділігін көрсетпей отыр. Бұған алдымен бөлініп жатқан қаржылық көмектің көптеген кәсіпкерлік нысандарға шектеулілігі себеп болуда.

«Бизнестің жол картасы» бағдарламасын жүзеге асыру үшін 2015-2019 жылдары 270 миллиард теңгеден астам қаржы бөлінгенімен, субсидиялау және кепілдік беру құралдарының артықшылықтарын тек 19,6 мың кәсіпкерлік нысаны пайдаланыпты. Яғни, жыл сайын әрбір 1000 белсенді кәсіпкердің үшеуі ғана қаржылық қолдау алған. Ал, олардың дені саудамен айналысады. Бұл жөнінде жуырда Парламент Сенатында өткен «Қазақстанда шағын және орта кәсіпкерлікті дамыту» тақырыбына арналған Үкімет сағатына белгілі болды.

Экономикалық дамудың жаңа парадигмасына сәйкес, шағын және орта бизнес ұлттық экономиканы дамытудың драйвері болуы тиіс. Бұл әлемдік тренд. Қазақстан да отандық экономиканы диверсификациялап, өңдеу секторын дамыту мақсатында шағын және орта биз-

несті қолдауға айрықша маңыз беріп келеді. Айтып өткеніміздей, біршама бағдарламалар да қабылданды. Үкімет сағатында айтылған мәліметтерге қарағанда, бұл салада белгілі деңгейде алға жылжу да бар секілді. Мәселен, соңғы бес жылда жұмыс істеп тұрған шағын және орта бизнес субъектілерінің саны 46,5 пайызға артқан. Олар бүгінде 4 миллионнан астам экономикалық белсенді қазақстандықты жұмыспен қамтамасыз етіп отыр. Сонымен қатар шағын және орта бизнестің еліміздің ішкі жалпы өнімге қосқан үлесі 2018 жылмен салыстырғанда 28-ден 36,4 пайызға өскен.

Алайда бұл өсім, ең алдымен, жеке кәсіпкерлердің бір жарым есеге артуы есебінен екен. Ал орта бизнес субъектілерінің саны небәрі 11,6 пайызға көбейіпті. Қазіргі уақытта жұмыс істеп тұрған шағын және орта бизнес

нысандарының небәрі 0,2 пайызы орта кәсіп ұйымдары. 2022 жылғы мәлімет бойынша кәсіпкерлердің дені немесе 35 пайызы сауда саласында жұмыс істейді. Яғни, бұл саланың экономиканы диверсификациялаудағы белсенділігі төмен. Осыған орай жалпы ішкі ұлттық өнімдегі үлесі 36,4 пайыз деңгейінен аспай тұр. Ал, Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымы елдерінде бұл көрсеткіш 40-50 пайызға әлдеқашан жетіп қойған.

Арнайы бағдарламалар қабылданып, қомақты қаржы құйылғанына қарамастан бұл сала неге көштен қалды? Жиында сөз алған сенаторлар, мүдделі ұйым өкілдері тарапынан мұның себеп-салдары мүмкіндігінше ашылды. Кілтипан, ауылдағы кәсіпкерлер үшін қолдау шараларының шектеулілігінде болып тұр. Бұл орайда бірінші кедергі несие алу үшін кепіл мүлкіне қойылатын қатаң талаптар. Жалпы мемлекеттік бағдарламаларды жүзеге асыру барысында олардың көбі мақсаттарына сәйкес болмай жатады. Бұған ішкі нарықты отандық өндірушілер өнімдері және қызметтерімен қамтамасыз ету мақсатында іске қосылған «Қарапайым заттардың экономикасы» бағдарламасын келтіруге болады. Бұл жобадан қамтылған жеңілдікпен қаржыландырылуы тиіс қызмет түрлерінің 35 пайызы (150-нің 53-і) белгіленген мақсатқа сәйкес келмейті.

Мемлекеттік қолдау шараларының тиімділігін төмендететін үрдіс Ұлттық кәсіпкерлікті дамыту жобасына да тән. Атап айтқанда, бизнесті гранттық қолдаудың бизнес қауымдастығы

үшін де, әкімдіктер үшін де түсініксіз тұстары көп. Біріншіден, гранттық қолдау қаражатының мақсатты пайдаланылуын қадағалау жоқ. Бүгінгі таңда мониторинг тар шеңберде таңдамалы түрде жүргізіліп жатыр. Мәселен, Алматы қаласы әкімдігінің мәліметі бойынша, 2022 жылы мақұлданған 264 жобаның 27-сі ғана тексерілген. Мұндай жағдай басқа облыстарда да байқалады. Келешектегі бағыты және түпкі нәтижесі есепке алынбай 5 млн теңге сомасында гранттық қолдаумен шағын жобаларға басымдық берілуі де қате шешім болды. Өйткені бұл бюджет қаражатының ысырабына әкелген. Осы орайда құқықтық олқылықтардың да зардабы аз тимеуде. Енді осы тізімге «үйдегі дүкенді» қолдау арқылы азық-түліктің бөлшек саудасын, ғимараттарды жөндеу, жылжымайтын мүлікті және жеңіл автотөліктерді жалға беруді де қосу жоспарлануда. Бұл көзқарас түбегейлі қате. Өйткені, бизнес экономиканың драйверіне айналуы үшін мемлекеттік қолдау отандық өндірісті ұлғайтуды, өңдеу өнеркәсібін дамытуды ынталандыруға бағытталуы қажет.

Бизнес-қоғамдастық банктегі несие беру шарттары қолайсыз болғандықтан әлі де мемлекет көмегіне сүйенуге мәжбүр. Бұған банктердің бизнеске қолдауға құлықсыздығы себеп болып отыр. Банктерде бизнес тарапынан түскен өтініштердің тек 40 пайызы мақұлданған. Оның дені яғни, 52 пайызы ірі кәсіпкерлердің еншісіне тиіпті.

(Соңы 3-бетте)

СҰХБАТ

(Соңы. Басы 1-бетте)

Кейінгі жылдары азаматтық және қылмыстық істерді қарастырып, сот жүйесіндегі қызметімді жүзеге асырып келемін.

Қоғамдық қатынастарға қатысты салада кәсіби қызмет еткен жылдары бірқатар еңбектер, оның ішінде оқу-әдістемелік құралдар, әдістемелік нұсқаулықтар мен ғылыми мақалалар жаздым. 2003 жылы «Қылмысты тергеудегі криминалистикалық сараптама: логикалық-тұжырымдамалық және ұйымдастыру мәселелері» деген тақырыпта кандидаттық диссертация қорғадым.

– Сот-сараптама қызметінің ерекшелігі неде және оның құқық қорғау органдарымен өзара қарым-қатынастағы рөлі қандай?

– Мұнда «сот-сараптама қызметі», «сот-сараптамасы» және «құқық қорғау органдары» деген ұғымдарға сүйену керек. Қолданыстағы заңнамада, атап айтқанда «Сот-сараптама қызметі туралы» заңда бұл термин сот сараптамасы органдарының және сот сарапшыларының сот сараптамасын ұйымдастыру және жүргізу жөніндегі қызметі, атап айтқанда істің шешімін табу үшін маңызды, нақты деректерді анықтау мақсатында арнайы ғылыми білім негізінде қылмыстық, азаматтық іс материалдарын немесе әкімшілік құқықбұзушылық туралы істі зерттеу деп түсініледі.

«Құқық қорғау қызметі туралы» заңға сәйкес, құқық қорғау органы – адам мен азаматтың құқықтары мен бостандықтарының, жеке және заңды тұлғалардың, мемлекеттің заңды мүдделерінің сақталуын және қорғалуын қамтамасыз ететін, өз құзыретіне сәйкес қылмысқа және өзге де құқық бұзушылықтарға қарсы іс-қимыл жөніндегі мемлекеттің саясатын іске асыратын, заңдылықты қамтамасыз ету және қоғамдық тәртіпті сақтау, құқық бұзушылықтардың алдын алу, жолын кесу, тергеу және қылмыстық істер бойынша сот шешімдерін орындауды жүзеге асыратын мемлекеттік орган. Құқық қорғау органдары прокуратура, ішкі істер органдары, мемлекеттік өртеке қарсы қызмет, сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет және экономикалық тергеу қызметін қамтиды. Осы бағытта қылмыстық-процестік рәсімдерді, сондай-ақ сотқа дейінгі тергеу және сот талқылауы сатыларындағы криминалистикалық сараптама үшін өзекті деп танылатын сараптама жүргізудің ұйымдастырушылық аспектілерін атап өткеніміз жөн.

Көбінесе тергеудің бастапқы кезеңінде құқық қорғау органдары сот сарапшыларына жүгінеді, бұл түрлі факторларға, оның ішінде уақыт тапшылығына, қылмыстық істердің көптеген санаттары бойынша ақпараттық белгісіздіктің жоғары дәрежесіне, ғылыми-техникалық прогрестің қарқынды дамуына және құқықтық қызметке түрлі объектілердің, аппаратуралар мен техникалардың кең ауқымын тартудан туындаған жаңа сараптама түрлерінің пайда болуына тікелей байланысты. Сот-сараптама қызметінің негізгі тұтынушысы (95%-ға жуығы) – адамның және азаматтың өмірін, денсаулығын, құқықтары мен бостандықтарын, қоғам мен мемлекеттің мүдделерін заңсыз

қолсұғушылықтан қорғауға, қоғамдық тәртіпті сақтауға және қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз ету бойынша жұмыс жүргізетін ішкі істер органдары.

Қылмыстық қудалау органдарының қызметінде сараптаманың тиімділігі зор, сараптама нәтижелерін пайдалану аса маңызды. Бұл жерде бірінші контекстте – сарапшы қорытындыны қаншалықты сапалы және сауатты әзірледі, екіншісінде – қылмыстық қудалау органының лауазымды тұлғасы жүргізілген сараптаманы қаншалықты құзыретті түрде тексерді, бағалады және пайдаланды деген мәселелер қарастырылады. Дәл осы тұста сот-сараптама қызметі мен құқық қорғау органдарының құқық бұзушылықты дер кезінде және объективті ашуы мен тергеуін қамтитын өзара іс-қимылының нәтижелілігі байқалады.

Сәкен АБДОЛЛА,

ҚР Жоғарғы Сотының судьясы, ҚР Судьялар одағының төрағасы:

«СОТ САРАПШЫЛАРЫНЫҢ ЖАУАПКЕРШІЛІГІН БЕЛГІЛЕУ КЕРЕК»

– Сот сарапшыларының қорытындыларды сапалы және сауатты әзірлеудегі мәселелері немен байланысты?

– Бұл ретте бірқатар жағдайды атап өтуге болады. Соның ішінде мен ең ауқымдыларына тоқталайын. Біріншіден, бұл қорытындыларды қалыптастыру процесінде жіберілген сот-сараптамалық қателіктер. Екіншіден, сараптама жүргізуге арналған инфрақұрылым мен материалдық-техникалық базаның сәйкес келмеуі, мұның салдарынан материалдар орындалмай, кері қайтарылады. Үшіншіден, қоғамдық қатынастардың жекелеген салаларында арнайы ғылыми білімі бар мамандардың жеткіліксіздігі. Төртіншіден, бұл сараптама жүргізуге бастамашы болған субъектілермен өзара іс-қимыл.

Жалпы сот сараптамасының түпкі мақсаты – объективті шындықты, нақты деректерді, шындықтың мән-жайларын анықтау. Оны тағайындау және жүргізу кезінде ғылыми компонент те, атап айтқанда сараптамаға ұсынылған объектілерді, материалдандырылған ақпарат көздерін зерттеу технологиясы да, әдістемелік қамтамасыз ету, уақыт талабына сай келетін әдістеме де маңызға ие. Салааралық, ведомстваралық деңгейде кешенді шешімді талап ететін ұйымдастыру жоспарының басқа да мәселелері кездеседі.

– Осы пайымыңызға мысал келтірсеңіз...

– Проблемалық аспектілердің ауқымын түсіну үшін қолдағы статистикалық мәліметтер



дың орындалмай, кері қайтарылуы жөніндегі мәселе айрықша назар аударуды талап етеді. Мұның негізгі себебі – сарапшылардың өтініш-хаттары, материалдарды орындаусыз қайтару туралы органдар хаттарының қанағаттандырылмауы (2023 жылғы 1 жарты жылдықтың өзінде олардың саны 390-ға жетті).

Осы ретте процесті жүргізетін органдар сарапшылардан консультация алады, сараптама тағайындайды, сарапшылардың өтінішхаты бойынша қосымша материалдар ұсынады және сараптаманың соңғы сатысында материалдарды кері қайтарып алу туралы қаулы шығарады. Қайта сараптама тағайындау уәжінсіз түсетін материалдар да бар. Ал Қылмыстық-процестік кодекстің 287-бабының 4-бөлігіне сәйкес қайта сараптама тағайындау туралы қаулыда алдыңғы сараптама нәтижелерімен келіспеу себептері көрсетілуі тиіс.

Құқық қорғау органының қызметкері Қылмыстық-процестік кодекстің 272-бабы 4-бөлігін бұза отырып, өзіне қатысты сараптама тағайындалатын тұлғаны оны тағайындау туралы қаулымен (ұйғарыммен) таныстырмаған не зерттеу объектілерінсіз сараптама тағайындау туралы қаулы жіберген жағдайлар да орын алған. Бұл да материалдарды орындаусыз, кері қайтаруға әкеп соғады.

Сарапшылар материалдарды зерттеу және оларды орындамай кері қайтару туралы шешімін 30 күн ішінде жасауы керек. Одан гөрі уақытын текке кетірмей басқа сараптамалар бойынша жұмыс жүргізсе тиімді болар еді. Бұдан тергеудің де сапасы төмендейді. Мұндай фактілер сот сарапшыларының қызметінде де, осындай сараптама жүргізуді тағайындайтын субъектілерде де жұмысты ұйымдастыруда бірқатар мәселелердің бар екенінен хабар береді.

– Сәкен Жүсіпахметұлы, сот сараптамасы институты мен құқық қорғау органдарының өзара іс-қимылын қалай жетілдіруге болады?

– Аталмыш сала әрдайым назар аударуды талап етеді. Ал ұйымдастырушылық-құқықтық және қаржылық тұрғыдан кездесетін мәселелер құқық қолдану практикасын ескере отырып, оларды түсінуді және кешенді шешім қабылдауды қажет етеді. Азаматтарды қылмыстық қудалау орбитасына заңсыз тарту себептерінің алдын алу үшін:

- Сотқа дейінгі тергеп-тексерулердің бірыңғай тізілімінде тіркелмес бұрын, азаматтық және әкімшілік құқықтық өріс шеңберінде жеткілікті деректерді міндетті түрде жинауға баса назар аудару;

- жедел-ізвестіру қызметі шеңберінде сарапшылардың көмегін пайдалану мәселесін қайта қарау;

- құқық қорғау органдары мен сотқа бұрыс қорытындылар бергені үшін сарапшылардың әкімшілік және қылмыстық жауапкершілігін белгілеу;

- құқық қорғау органдары қызметкерлерінің де, сот сарапшыларының да құқықтық сауаттылық деңгейін ұдайы арттырып отыру, осындай субъектілердің өзара іс-қимылы кезінде заңнаманың белгіленген нормаларының сақталуын қамтамасыз ету керек.

– Уақыт тауып ой бөліскеніңізге рақмет!

Алмаз ӘСЕНҒАЗЫ

МЕЖЕ

СҮЙЕНЕРІМІЗ – ӘДЕП КОДЕКСІ

Мемлекеттік қызметші – ел мүддесіне сай жұмыс істейтін, елдік мақсаттарды басшылыққа алатын, халықтың талабына сәйкес қызмет көрсететін маман. Мемлекеттік мәселелердің басы-қасында жүргендіктен, мемлекеттік қызметшілерге қойылатын талап өте жоғары. Кез келген адам мемлекеттік қызметтің сапына алына бермейді. Мұндай мәртебелі міндетті атқаратын үміткерлер өзіне қойылатын шектеулер мен қадағалаудың бәріне дайын болуы тиіс.

Мемлекеттік қызметке қатысты оң көзқарастың қалыптасуына мемлекеттік қызметкерлердің білім-білігі ғана әсер етпейді. Бұл жерде қызметкерлердің әдеби мен кісілік келбеті, азаматтармен жылы қарым-қатынасы да үлкен рөл атқаратынын ұмытпау керек. «Мемлекеттік қызметшілердің әдеп кодексі» осындай заманауи қажеттілікке орай қабылданғаны белгілі. Кодексте мемлекеттік қызметтегі мамандардың әдептілік нормасы жан-жақты қарастырылған. Себебі, қоғамның өзі мемлекеттік қызметшілерден көп нәрсені талап етеді. Халық құзырлы органдарда білімі терең, тәжірибесі мол, білігі мықты мамандардың шоғырланғанын қалайды.

Сондықтан мемлекеттік қызметшілер жоғары мәдениеттің үлгісін көрсетіп, әдептілік нормаларын басшылыққа ала отырып жұмыс істегені жөн. Басқа мамандық ие-

лерімен салыстырғанда, мемлекеттік қызметшілердің жұмысы, іс-әрекеті мен қызметтік әдебі үнемі бақылауда, халықтың жіті назарында. Осыны ескерген әрбір қызметкер Әдеп кодексінің нормаларын бағдар етіп, құжаттың әр бабында дәйектелген талап пен қағидаларды мұлткізсіз сақтауға тиіс. Мәселен, осы Әдеп кодексіне сәйкес, мемлекеттік қызметші барынша сыпайы, адал, сабырлы, ұқыпты, қарапайым болуы қажет, сондай-ақ шындыққа сәйкес келмейтін ақпараттарды таратпауға, өзінің іс-әрекетімен қоғам тарапынан айтылатын сынға себепкер болмауға міндетті.

Қарапайым тұтынушы ең алдымен мемлекеттік қызметкердің адами қарым-қатынасымен, тыңдау, жауап беру мәдениетімен бетпе-бет келеді. Осы алғашқы әсерге қарап мемлекеттік қызметшінің іс-әрекетіне баға беріледі. Ал осындай әрбір азаматтың пайым-түсінігі

жинақтала келе, бүкіл мемлекеттік қызметшілердің жынтық образы қалыптасып, мемлекеттік қызметтің бүгінгі бет-бейнесі жасалады. Сондықтан, өзі қызмет еткен салаға қатысты теріс пікір қалыптаспау үшін әрбір маман Әдеп кодексінің талаптарын қатаң сақтап, тәртіптік теріс қылықтарға жол бермегені абзал.

Мемлекеттік қызметтің өзіндік ерекшелігі – мемлекеттік қызметшілердің әдептілігімен қатар, сыртқы келбетіне ерекше талап қойылады. Сондықтан да мемлекеттік қызметшілердің моральдық бет-бейнесі мен әдебіне сырт келбеті де сай болуы қажет. Бұдан бөлек, мамандар қызметтен тыс уақытта да моральдық-әдептілік нормалар шегінен шықпауға тиіс. Сот саласында да судьялармен қатар сот мамандарының әдептен озбауы, халыққа сапалы, білікті қызмет көрсетуі үнемі бақылауда. Халықпен етене жұмыс істейтіндіктен мемлекеттік қызметшілердің әдебіне қатысты талаптар мен тыйымдарды түсіндіруге бағытталған семинарлар мен дәрістер үнемі ұйымдастырылып тұрады. Бұл сот қызметкерлерін теріс қылықтардан сақтандырып, ортақ тәртіпке бағынып, үлгілі тәжірибе қалыптастыруда аса маңызды.

А.ЖУМАГАЛИЕВА, Ақтөбе облысы көмелетке толмағандар істері жөніндегі мамандандырылған ауданаралық соты әкімшісінің бас маманы

ЖЕМҚОРЛЫҚ

«Бірігіп көтерген жүк жеңіл» дейді бабаларымыз. Дәл осы тағылымды сөз сыбайлас жемқорлықпен күреске де қатысты айтылғандай. Себебі, кез келген зайырлы, өркениетті мемлекеттердің өзі сыбайлас жемқорлықпен күресте ел бірлігінің, халық ынтымағының маңызды екенін әлдеқашан мойындаған.

«БІРІГІП КӨТЕРГЕН ЖҮК ЖЕҢІЛ»

Жемқорлық сияқты мемлекеттің дамуын тежейтін, елдің ертеңіне балта шабатын қауіпті кеселді халықтың бірілігі мен ынтымағының арқасында ғана ауыздықтауға болады. Ол үшін сыбайлас жемқорлықпен күреске қатысты азаматтардың түсігін түбегейлі өзгерту керек. Халық мұндай қауіпті кеселмен күрес тек мемлекеттік органдардың жұмысы деп қабылдамай, сыбайластыққа тосқауыл қоюда белсенді болғанда ғана жемқорлықтың тамырына балта шабатынын ұғынғаны жөн. Соған орай, Әділет органдары тарапынан қолға алынған сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-шараларда халыққа заңнама тетіктерін түсіндіруге басымдық беріледі.

Жалпы, кез келген құқықбұзушылықтың салдарымен күрескеннен гөрі, себебін анықтап, кеселдің алдын алған әлдеқайда тиімді. Осыны ескере отырып Әділет органының қызметкерлері сыбайлас жемқорлықтың қоғамға тигізер залалын, ол үшін берілетін жаза мөлшерін жұртшылыққа үнемі ескертіп, құқықтық сауатын көтеріп келеді. Сонымен бірге, азаматтарды жемқорлықпен күреске жұмылдыру мақсатында қолға алынған шаралар да аз емес. Мемлекеттік қызметтің басты тұтынушысы – халық. Ендеше, мемлекеттік қызметтегі кемшіліктерді күнделікті көретін де, жемқорлық оқиғаларымен бетпе-бет келетін де халық. Сәйкесінше азаматтардың өзі көрген заңбұзушылықты жасырып қалмай, құзырлы органдармен бірігіп күресуі

сыбайластықтың тамырына балта шабатын бірден-бір пәрменді тетік.

Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес еліміздің стратегиялық дамуының негізгі басымдықтарының бірі деп белгіледі. Соған орай бұл бағытта бірқатар маңызды міндеттер атқарылды. Атап айтқанда, заң жаңғыртылып, қарамағындағы қызметкердің сыбайлас жемқорлыққа қатысы анықталған жағдайда оның басшысының қызметінен босатылуы заңмен бекітілді, сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін заңнамамен сараптау жұмыстары күшейтілді. Сонымен қатар, сыбайлас жемқорлықпен тиімді күресу үшін халықтың құқықтық сауатсыздығын жоюға, құқықты түсіндіру жұмысының деңгейі мен сапасын арттыру бойынша атқарылған шаралар біртіндеп өз нәтижесін беріп келеді. Халық өз құқығын, өздеріне қарсы қандай да бір құқыққа қайшы іс-әрекет жасалған жағдайда қандай іс-қимыл жасау кергін толық білуі қажет. Бұл жемқорлықты жоюға көмектесетін пәрменді тетіктің бірі.

Хәкім МАҚҰЛОВ, Алматы қаласы Әділет департаменті «Жеке және заңды тұлғалардың пайдасына сомалар өндіру бойынша аумақтық бөлімі» филиалының мемлекеттік сот орындаушысы

ПАРЛАМЕНТ

БИЗНЕС ӘЛІ КҮНГЕ МЕМЛЕКЕТ КӨМЕГІНЕ ЗӘРУ

(Соңы. Басы 1-бетте)

34 пайызы шағын бизнеске, тек 14 пайызы орта кәсіпкерлікке бұйырыпты. Ең өкініштісі ірі кәсіпкерлерге бөлінген несиенің 51 пайызын сауда қызметі иеленген. Ал, өндірістік сектор бұл көмектен сырт қалған.

Жалпы, сауда саласын қолдау даму қорында жасалатын мемлекеттік қолдаудың басым бағытына айналған десе де болады. Осы ұйым арқылы субсидия алған кәсіпкерлердің 37 пайызы және грант алған жобалардың 39 пайызы сауда нысандары. Сондықтан да шұғыл түрде мемлекеттік қолдаудың қолданыстағы тетіктері мен шараларын түбірінен қайта қарап, өзгерту керек.

«Ауыл аманаты» жобасын енгізу арқылы ауылдағы кәсіпкерлікті қолдауға арналған жеке бөлім енгізу қажет. Ауылдық жерлерде кәсіпкерлікті жандандыру үшін ең алдымен растаушы құжаттарды ұтымды оңтайландыру, сондай-ақ кепілді бағалау мәселесін шешу арқылы несие ресурстарының қолжетімділігін қамтамасыз ету айрықша маңызға ие. Жиында сөз сөйлеген Палата төрағасы Мәулен Әшімбаев осы орайда жергілікті бизнесті ынталандыру үшін өңірлерді дамыту ерекшелігін ескерудің және өңірлік бағдарламаларды жетілдірудің маңыздылығын атап өтті. Мәулен Сағатханұлы шағын және орта бизнеске қатысты салық саясатын жетілдіру қажеттігіне де назар аударды. Төрағаның айтуынша, Үкімет бизнеске салмақ түсірмейтін салықтың «ауыртпалықсыз» балама нұсқаларын қарастыруы керек. Жалпы салық саясаты бизнес пен мемлекет мүдделерінің тепе-теңдігін талап етеді. Фискалдық шаралар шағын бизнесті кеңейтуді ынталандыруды мақсат ету керек.

Жиында сөз алған Ляззат Рысбекова кәсіпкерлердің салықтық әкімшілендіру үрдісіне наразылығы көп екенін айта келіп, бұл мәселеге қатысты біраз кемшіліктерді ортаға салды. Оның айтуынша, базанылар мемлекеттік кірістер органдарының талабымен мәмілелерді жарамсыз деп тауына орай туындауда. Бұл шара етек алып, іс жүзінде қосымша салықтар үшін жеңіл жазалау әдісіне айналған көрінеді. Осыған тосқауыл қою үшін сотқа дейін қарау мақсатында аумақтық мемлекеттік кірістер департаменттерінде келісім комиссиялары құрылыпты. Алайда бұл ұйым қабылдаған шешімдердің объективтілігі бизнес өкілдері арасында күмән тудырады. Мұның басты себебі – аталған алқалы органның жұмыс тәртібінің дұрыс реттелмеуі. Мәселен, комиссияның жеті мүшесінің біреуі ғана облыстық кәсіпкерлер палатасының өкілі де, қалғаны мемлекеттік кірістер органының қызметкерлері. Бизнес қауымдастықтың камералдық бақылауларға да наразылығы бар. Өйткені, кәсіпкерлерге салықтық қателіктерді өз бетінше жоюға мүмкіндік беруге тиіс бұл шара қазір қашықтан салықтық тексеру құралына айналды.

Мемлекеттік органдардың кейбір шешімдері де бизнестің дамуына кедергі келтіруде. Мысалы агроөнеркәсіп кешенінде «Атамекен» ҰКП мәліметінше соңғы екі жылда Үкімет ауыл шаруашылығы өнімдерінің 15 түрі бойынша экспортқа шектеулер енгізген. Мақсат нарықтағы бағаны тұрақтандыру екені белгілі. Алайда, жиі қабылданатын мұндай шешімдер бизнес үшін келісімшарттардың орындалмауы, өнімнің булінуі, өндірістің тоқтап қалуы, сондай-ақ жылдар бойы игерілген сыртқы нарықтың жоғалуына соқтырып жатыр. Сол

секілді субсидиялау ережелерінің жиі өзгертілуі де кәсіпкерліктің тынысын тарылтып отыр. Тек соңғы 5 жылда оларға 50-ден астам түрлі өзгерістер енгізіліпті. Олар фермерлер мен инвесторларды шатастырып қана қоймай, оларға ұзақ мерзімді даму жоспарларын құруға да мүмкіндік бермей отыр.

Тағы бір маңызды мәселе – отандық тауар өндірушілер үшін әкімшілік кедергілер көп. Ұлттық экономика министрінің бұйрығы бойынша отандық азық-түлік өнімдері үшін сауда желілері мен базар сөрелерінің кемінде 30 пайызы бөлінуі тиіс болса, бұл мүмкіндікке тек еліміздегі ірі өндірушілер мен көршілес елдердің еншілес компаниялары ғана ие болып отыр екен. Ал, кішігірім кәсіпкерлер бұған қол жеткізу үшін қыруар қаржы төлеуге тура келеді. Бұл қазақстандық тауар өндірушілердің дамуына кедергі болып қана қоймай, отандық нарықтағы импорттық тауарлар үлесін арттырды. Сондықтан өңірлердің ұсыныстарын ескере отырып, ішкі сауда нысандарын отандық тауарлармен толтыру үшін белгіленген шекті 50 пайызға дейін ұлғайту қажет.

Елдің экономикалық дамуы, сондай-ақ қазақстандықтардың әлеуметтік әл-ауқатының артуы шағын және орта бизнестің бәсекеге қабілеттілігіне байланысты. Бұған қол жеткізу кәсіпкерлікті қолдаудың тиімділік деңгейімен айқындалады. Көріп отырғанымыздай, шағын және орта бизнесте сапалық өзгерістен гөрі сандық өзгеріс басым. Бұл отандық кәсіпкерлікті дамытуға бағытталған мемлекеттік саясатты өзгерту қажеттігін көрсетеді.

Айша ҚҰРМАНҒАЛИ,
«Заң газеті»

ДӨҢГЕЛЕК ҮСТЕЛ



«ТАРИХИ ҚҰЖАТ – ҰРПАҚҚА АМАНАТ»

ҚР Президенті Архивінде «Ұлттық архив қоры және архивтер туралы» заңның қабылданғанына 25 жыл толуына арналған дөңгелек үстел өтті.

1998 жылы заңның қабылдануы елдегі архив ісінің дамуына үлкен серпін берді. Дәл осы сәттен бастап нормативтік-құқықтық база қалыптастыру ісі жолға қойылды. 25 жыл ішінде архивтік құжаттарды сақтау және пайдалану қағидалары қабылданды, құжаттарды сақтау мерзімдері мен жою тәртібі, мемлекеттік және ведомстволық архивтердің жұмысында бірыңғай қағидалар мен талаптар белгіленді. Оның негізінде мекемелерде іс жүргізуді және мемлекеттік, ведомстволық архивтердің жұмысын реттейтін 70-тен астам түрлі құжаттар қабылданды.

Дөңгелек үстелде Қазақстанның архив саласының өзекті мәселелері талқыланып, мемлекеттік архивтер жұмыс тәжірибесімен бөліседі. Сондай-ақ, қазақстандық архивтердің цифрлық трансформациясы жағдайында архив жұмысын нормативтік құқықтық реттеу мәселелері талқыланды. Іс-шара ҚР Президенті Архивінің «Тарихи құжат – ұрпаққа аманат» архивтік марафонының аясында ұйымдастырылды.

Дөңгелек үстелге осы заңды әзірлеуге тікелей қатысқан мемлекет және қоғам қайраткерлері, құжаттамалық басқаруды қамтамасыз ету және архивтік іс саласындағы уәкілетті органның өкілдері, архив ісінің ардагерлері, орталық мемлекеттік архивтер қызметкерлері, ғылыми-зерттеу институттарының қызметкерлері, профессорлық-оқытушылық жоғары оқу орындарының құрамы, сондай-ақ тарих факультеттерінің студенттері шақырылады.

Рысты Сариева, тарих ғылымының кандидаты: «Тәуелсіздікті алған тұста архив ісіне онша көп мән берілмеді. Соның кесірінен кей құжаттардан айырылып қалған едік. Дегенмен, күн-түн демей жұмыс жасап, осы істі біріздендіруге көмектескен азаматтардың арқасында бүгінде тұрақтылыққа жетіп отырмыз. Тарихи құжаттарды шашу шығармай ұрпаққа табыстау – біздің міндет» деп заңның маңызын атап өтті. Іс-шара аясында сирек басылымдар мен архивтік құжаттардан тұратын тақырыптық кітап пен архивтік көрме ұсынылды.

Нұрбол ЖЫЛЫС,
«Заң газеті»

ЭКОНОМИКА

ЦИФРЛЫҚ ТЕҢГЕНІН ДӘУІРІ БАСТАЛДЫ

Теңгенің 30 жылдығында Ұлттық банк Алматыда цифрлық теңгенің алғашқы эмиссиясын жүргізіп, ұлттық валюта банкноттарының жаңа сериясын таныстырды. Бұл шара Қазақстан қаржыгерлері қауымдастығының Қазақстан Ұлттық банкі мен ҚР Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігінің қолдауымен ұйымдастырылған Қазақстан қаржыгерлерінің XI конгресінде жүзеге асты.

Ұлттық банк төрағасы Тимур Сүлейменовтің айтуынша, егемендігіміздің қалыптасу кезінде теңгенің енгізілуі толыққанды қаржы жүйесін қалыптастыруға және еліміздің мемлекеттілігінің іргетасын нығайтуға мүмкіндік берді. Ол ақша-несие саясаты тәуелсіздігінің негізін қалады. Бүгінде Қазақстанда сенімді қаржылық инфрақұрылым мен нарықтық экономикаға бейімделген банк жүйесі құрылды. Жоғары сапалы қаржылық қызметтер еліміздің әрбір тұрғынына қолжетімді. Соңғы бес жылда қолма-қол ақшасыз төлемдерді ілгерілету және қаржылық қызметтерді цифрландыруды қамтамасыз етуде айтарлықтай жетістіктерге қол жеткізілді. Күн сайын ұлттық төлем жүйесі арқылы миллиондаған транзакциялар өнделеді, банктердің мобильді қосымшалары арқылы мемлекеттік қызметтердің электрондық нысандары көрсетіледі.

«Бүгін теңгенің 30 жылдығында біз ұлттық валютаның жаңа дәуірі – цифрлық кеңістіктегі дәуірдің куәсі боламыз. Бүгін біз цифрлық теңгені – ақшаның үшінші формасын іске қосамыз. Бұл, өздеріңіз білетіндей, қаржы жүйесінің жаһандық трансформациясына әсер ететін ең маңызды жаһандық тренд. Сонымен қатар, біз үшін бұл маңызды күнде Мемлекет басшысының тапсырмасымен Ұлттық банк банкноттарының жаңа сериясы шығатыны туралы қуанышпен хабарлаймын», – деді елдің бас банкирі.

Цифрлық теңге жобасының жетекшісі Айнұр Кенжаеваның сөзіне қарағанда, ол адамдардың өмірін оңайлататын сервис сияқты жаңа мүмкіндіктерді бере алады. Мұнда екі деңгейлі архитектура сақталады. Яғни, Ұлттық банк цифрлық теңгені шығарса, оны тарату барлық қатысушылардың міндеттемесі болып табылады. Цифрлық теңге толыққанды енген кезде қосымша құралдың қажеті жоқ. Қолданыстағы мобильдік қосымшаларда жаңа әмиян ғана пайда болады. Цифрлық теңге барлық жерде кедергісіз қолданылып, шектеусіз жүре береді. Болашақта цифрлық теңгені кез келген елде қолдана аламыз. Себебі, ол заңды төлем жүйесі. Орталық банктің цифрлық валюталары трансшекаралық төлемдерде өте



тиімді. Аударым жасағанда комиссия азаяды. Уақыт жағынан да тезірек түсетін болады. Қазір трансшекаралық операциялар жасаған кезде арада бірнеше делдал бар. Цифрлық валюта айналымға енген кезде оның саны азаяды. Себебі, оның бәрін технология өзі жасайтын болады. Соның арқасында бұдан қарапайым тұтынушы ұтады.

Ұлттық төлем корпорациясы өкілдерінің

айтуынша, халықаралық тәжірибеге сәйкес, банкноттардың дизайны жалған ақша жасауға жол бермеу және оның алдын алу үшін жетілдірілген қорғаныш қабілетін енгізу мақсатында кезең-кезеңімен жаңартылып отырады. Бұл орайда еліміздің мәдени құндылықтары мен тарихын насихаттау маңызды саналады. Жаңа дизайндағы банкноттар сериясынан жыл соңына дейін номиналы 5 000 теңгелік

алғашқы банкнот қолданысқа енеді. Келесі жылы оның қатарына номиналы 1000, 2000 және 10 000 теңгелік банкноттар қосылады. Ал 2025 жылы номиналы 500 және 20 000 теңгелік соңғы екі банкнот айналымға шығады.

Жаңа банкноттар төлемнің барлық түрі бойынша Қазақстанның бүкіл аумағында номиналды құнына қарай қабылдауға жатады. Сондай-ақ, Қазақстанның барлық банкі арқылы банктік шоттарға аударуға, айырбастауға және ұсақталуға міндетті.

Жалпы жаңа дизайндағы банкноттар шығарылғаннан кейін алдыңғы үлгідегі банкноттар айналымнан біртіндеп алына бастайды. Ұлттық банк ескі және жаңа үлгідегі банкноттардың айналымында қатар жүру мерзімін 1 жыл деп белгілейді, ол қажет болған жағдайда ұзартылуы мүмкін. Олар Ұлттық банкте, Қазпошта мен екінші деңгейлі банктердің барлық филиалдарында шектеусіз мөлшерде айырбасталады және ұсақталады. Айналымда қатар жүру мерзімі аяқталған соң барлық банктер мен «Қазпошта» АҚ-ы ескі үлгідегі банкноттарды жаңа үлгідегі банкноттарға – 3 жыл ішінде, ал Ұлттық банктің филиалдары – мерзімсіз айырбастай береді.

Сіз не дейсіз?

Нұртай САБИЛЬЯНОВ, ҚР Парламент Мәжілісінің депутаты:

– Цифрлық теңге заман ағымына байланысты шығарылып отыр. Оның ешқандай да қиындығы болмайды. Жол картасы, технологиясы, жүйесі бар. Оны реттеп енгізетін болса, ары қарай да халыққа тиімді болады. Цифрлық теңге – жаңа технология бойынша жасалғаны жатқан қазақстандық өнім. Цифрлық теңгеге байланысты біз қазір заңдарға өзгерістер енгізіп жатырмыз. Ол өзгерістер қаңтардың бірінші ойыны Мәжілісте талқыланып болады. Одан кейін Сенатқа жіберіледі. Біз заң арқылы цифрлық теңгенің қолданысқа енгізілуі мен реттелуін қадағалаймыз.

Субсидия беретін кезде де цифрлық теңгені қолдануға болады деп ойлаймын. Өйткені ол бақылауға жақсы мүмкіндік береді. Қазір оның тиімділігін ешкім көріп отырған жоқ. Бізде қазір бизнес алулар да цифрлық төлемнің негізінде жүзеге асатын болады деп отыр. Яғни, ақша айналымының ашықтығы қамтамасыз етілмек. Соңғы жылдары қолма-қол ақшаның үлесі онсыз да азайған. Карточкалық төлемдер, онлайн банктік төлемдер алға шығып отыр. Оның өзі белгілі бір дәрежеде көлеңкелі экономиканың үлесін азайтып келе жатыр. Цифрлық теңге қолданысқа енетін болса тағы да өзінің артықшылықтарын береді дегуе болады. Цифрлық теңге арқылы төлем

Мақсат ХАЛЫҚ, ғалым, экономикалық сарапшы:

– Цифрлық теңге қолма-қол төлемнің баламасы бола алады дегуе толық негіз бар. Негіз деңгейде цифрлық теңгенің үлкен артықшылықтарын байқап отырмыз. Ол бірінші кезекте көлеңкелі экономиканың өсімін азайтуға үлес қосады. Себебі, цифрлық теңге блогчейн технологиясының негізінде жасалып отыр. Әрбір төлемде транзакцияның цифрлық ізі сақталады. Болашақта мемлекеттік сатып алулар да цифрлық төлемнің негізінде жүзеге асатын болады деп отыр. Яғни, ақша айналымының ашықтығы қамтамасыз етілмек. Соңғы жылдары қолма-қол ақшаның үлесі онсыз да азайған. Карточкалық төлемдер, онлайн банктік төлемдер алға шығып отыр. Оның өзі белгілі бір дәрежеде көлеңкелі экономиканың үлесін азайтып келе жатыр. Цифрлық теңге қолданысқа енетін болса тағы да өзінің артықшылықтарын береді дегуе болады. Цифрлық теңге арқылы төлем

жасағанда интернеттің қажеттілігі болмайды. Бұл да бір артықшылық. Енді ғана қолданысқа еніп жатқандықтан алдағы уақытта оның сын-қатерлері де болуы мүмкін. Ұлттық банк бірнеше банкпен ғана келісім жасасаған. Алдағы уақытта оған өзге банктер де қосылады. Қазір бәрі керемет болады деп айтудан аулақпын. Оның дер кезінде қабылданып жатқанын ғана атап өткім келеді. Себебі көршілес Қытай цифрлық юань қабылдап қойған. Ресей де цифрлық рубль енгізіп жатыр.

Айбар ОЛЖАЙ, қаржы сарапшысы:

– Цифрлық теңгенің стратегиялық маңызы өте зор. Ол ұлттық валютадан ешқашан бас тартпайтынымызды көрсетеді. Яғни, Еуразиялық экономикалық одақтың ортақ валютасы енді орындалмайтын болды. Ортақ валюта болу үшін оны қабылдайтын елдердің экономикасы бір-бірімен тең болуы керек. Еуразиялық экономикалық одақта әркім әр жаққа қарап тұр. Ол бізге керек те емес. Онда ақшаны басып шығару бізде болмайды.

Цифрлық валюта теңгенің ішкі позицияларын күшейтпейді. Біз енді ортақ валюта болсын деген модельден кетеміз. Әр ел өзінің валютасымен есептесе берсін дегенге келуіміз мүмкін. Сол кезде трансшекаралық аударымдар жеңілдейді. Біз қазір сыртқы сауда-саттықта АҚШ доллары не Еуропа-лық Одақтың еуросымен төлем жасап отырмыз. Цифрлық теңге бізге өз ішіміздегі ақшаны көлеңкеден шығаруға мүмкіндік береді.

Жаңа айтты енді теңгенің 3 формасы болады. Біріншісі, банкнот түріндегі қолма-қол ақша. Екіншісі, қолма-қол емес банктік аударымдар немесе карталық иешіп алу. Үшіншісі, цифрлық теңге.

Кейбіреулер цифрлық теңге мен банк шотындағы ақшаның айырмасы жоқ қой дегуі мүмкін. Цифрлық теңгенің инфрақұрылымы банк шотындағы ақшадан бөлек. Ол блогчейн технологиясы қолданылған транзакциялар тізбегі. Оны бағдарланған токнг деп атаймыз. Әр нүктеде цифрлық теңгені бақылап отыруға мүмкіндік бар. Мысалы, әлеуметтік жағдайы төмен адамдарға азық-түлік алуға берілген ақшаның тек соған ғана жұмсалудың қадағалауға мүмкіндік береді. Екінші, жемқорлыққа қарсы күреске пайдалы. Үшінші, интернетсіз аударым жасауға мүмкіндік береді.

СЕЗІМТАЛ ЖАНҒА ТӨРЕЛІК ЕТУ ОҢАЙ ЕМЕС

«...Ең бірінші қараған ісім есімнен кетпейді. Алғаш жеңіл істерді қараудан бастайын деген оймен төрағадан «неке бұзуға қатысты істі беріңіз» деп сұрадым. Күйеуімен ажырасуға арыз берген әйелдің 5 баласы бар. Оңай іс деп ойлағаным бекер екен, қатты қиналдым. 5 баласымен қалай ажырастырамын, оларды жалғыз өзі қалай асырап-бағады деген ой санамды тұмшалап алды.



есепте тұрған. Қанша бұзақы болса да, жап-жас жігіттің жағдайы маған өте аянышты болды. Түрмеге қамалған соң болашағы не болмақ деп уайымдадым. Бірақ, мұндай ауыр қылмыс үшін жазаның ең ауырын тағайындау керек. Заң талабы осы. Бұл да менің жүрегіме ауыр салмақ салды. Одан кейін әйел зорлаған, бірнеше адам өлтірген қауіпті қылмыскерлерге қатысты істерді де қарадым. Әрбір істі қараған сайын жәбірленушілерді, зардап шеккендерді аяйды екенсің. Жалпы, әйел адамға судья болу өте қиын, өйткені барлығын да жүрегіңнен өткізесің. Жан күйзелісінің салдарынан қандағы қант құрамы көтеріліп кетті. Әйтпесе, мұндай ауру тұқымымызда болған емес.

Абай аудандық сотында 5 жыл жұмыс істегеннен кейін Раиса Асқарқызының таудай талабы мен жоғары жауапкершілігі ескеріліп, облыстық сотқа мүше болып қалбылданды. Облыстық сотта 5 жыл жұмыс істеп, Бөген (қазіргі Ордабасы) ауданына төраға етіп жіберілді. Мұндағы қызметі қауырт болды. Судья саны аз болғандықтан, жүктеме өте көп. «Азаматтық істерді есептемегенде жылына 296 қылмыстық іс қараған екенмін. Кейде, тіпті күніне 12 қылмыстық істер қараған кездерім болды», – дейді кейіпкеріміз. Төрағалық қызметі 5 жылға жуықтаған тұста отбасылық жағдайға байланысты өз өтінішімен Шымкент қаласындағы Әл-Фараби аудандық сотына судья болып ауысты. Полицияда қызмет ететін жолдасы абайсызда құлап, мойын омыртқасынан алған жарақаттан жұмысқа жарамсыз болып қалды. Күндіз іс қараған Раиса Асқарқызы кешкісін жолдасына қарап, жағдайын жасады, бала-шаға бақты. Сейтіп сот саласындағы қызметі 22 жыл 7 ай болғанда зейнеткерлікке шықты.

Сот саласындағы қызметі кезінде бірде-бір рет те ескерту немесе сөгіс алмаған екен. Есесіне ерен еңбегі үшін кеудесіне бірнеше медал тағып, көптеген алғыс хаттар мен марапаттар табыс етілді. Сол марапаттарға көз жүгірте отырып, төмендегідей мәліметті кезіктірдік. «Абай ауданының халықтық судьясы Раиса Асқарқызы 1986 жылдың бірінші жартыжылдығында 96 қылмыстық, 198 азаматтық, 52 әкімшілік іс қарап, барлығы да сапалы, өз мерзімінде орындалған. Қалбылданған шешімдерге байланысты жоғары тұрған соттар тарапынан өзгертілмеген».

Раиса Асқарқызы саналы ғұмырында 2 перзент тәрбиелеп, өсірді. Олардан бірнеше немере бар. Бүгінде қызы заңгер болса, ұлы спорт саласында еңбек етіп жүр. 80 жасқа толған Раиса Асқарқызын мерейтойымен құттықтап, деніне саулық, отбасына амандық тілейміз!

Нұрғали ИСМАИЛОВ,
Шымкент қаласы азаматтық істер жөніндегі ауданаралық сотының судьясы

Әйелдің емес, бірінші кезекте балалардың жағдайы жаныма қатты батты. «Байғұстар тірі жетім қалады ғой» деген ой санамнан кетпей қойды. Мен әйелге «өзіңді емес, балаларды аяшы, өтініш» деп, татуласуға берілетін мерзімнің ең ұзағын – екі жыл бергім келді. Ал, әлгі әйел болса қатты қасарысып, бәрібір бірге тұрмаймын деп қоймаған соң татуласуға бір жыл мерзім бердім. Бірақ, алимент алып отыратын болды. Күйеуі де ажырасуға келісімін беріп отыр. Осы істі қарау маған ауыр болғаны сонша, төрағаға кіріп, бір жылғасам, үйге келіп те балалардың жағдайын ойлап, тоқтай алмай қайта-қайта көз жасыма ерік беремін. Жүрекке өте ауыр қабылдадым. Бір айдай өз-өзіме келе алмай жүрдім. Менің көз жасымды Құдай да көрген шығар, қуанышқа қарай әлгі жұп жарасып кетті. Кейін келіп алғыстарын айтты. Алғаш қараған осы азаматтық іс қазірге дейін есімнен кетпейді. Бүгінде әлгі 5 бала есейіп, үйленген, балалы-шағалы болған шығар деп ойлап жүремін...».

Өткен күндерін осылай еске алған Раиса Құсайынова осы жылдың 10 қарашасы күні 80 жасқа толды. Кіндік қаны сонау Ресейдің Түмен облысы, Ялутор ауданы, Доможиров селосында тамып, сонда орта мектепті бітірді. Әкесі Петропавлдың тумасы болғанымен, қызметіне орай Түменде тұрақтап қалған-ды. Сонда бригадир болып жұмыс істеген. Кішкентайынан ата-анасына көмекші болған Раиса Асқарқызы төрт түлікке қарай жүріп, ат спортымен айналысты. Мектепті бітіргеннен кейін Свердлов заң университетіне құжат өткізіп, емтихан тапсырғанымен, түсе алмады. Кейін ағайынды апасы екеуі «өз елімізге барайық» деп Алматыға келіп, Қазақ мемлекеттік университетінің заң факультетіне құжат тапсырды. Жолы болып, кешкі бөлімге оқуға түседі. Көп ұзамай-ақ күндізгі бөлімге ауысып, оқу орнын жақсы бітіріп шығады.

– Менен көпшілігі «Шымкентке

қалай тап болдыңыз» деп сұрайды, – дейді Раиса Асқарқызы. – Менің өмірлік жолдасым оңтүстіктен, Түлкібас ауданының тумасы. Заң факультетінде менен бір курс жоғары оқыды. Ресейде туылып, мектепті орысша оқығандықтан қазақша жақсы білмейтін едім. Жолдасымның, ата-енемнің қолдау-көмектерінің арқасында ана тілімді бір кісідей меңгеріп алдым. Университетті бітіргеннен кейін маған Шымкент облыстық прокуратурасына, күйеуіме ішкі істер органына жолдама беріліп, осында заңгер ретінде еңбек жолым басталды. Жалпы, мені оңтүстік жұрты жылы қабылдады, көп қолдау білдірді.

Ол кезде судьялық қызметке са-тылап көтерілетін. Раиса Асқарқызы облыстық прокуратурада сот саласының қызметін қадағалау бөлімінде жұмыс істеп, сот істеріне қатысып жүрді. Кейін адвокат ретінде де істерге жиі қатысып, мән-жайға тереңірек үңілді. Тәжірибесі толыққан тұста Шымкент қалалық атқару комитеті тарапынан қағаз келіп, судьялық сайлауға қатысу жөнінде тапсырма түсті. Абай аудандық сотына үміткер болған екеудің ішінен Раиса Асқарқызының жолы болып, 1981 жылдың 12 ақпан айында судьялық жұмысы басталды.

– Судья болудан қатты қорықтым, қобалжыдым. Туысқандарымның ішінен ешкім судья болмаған. Бағыма қарай жақсы ұжымға тап болдым. Олар керемет қолдау көрсетті, – дейді кейіпкеріміз. – Біраз тәжірибе жинақтағаннан кейін қылмыстық істер де беріле бастады. Алғашқы қараған қылмыстық істі ұмытқан емеспін. Ол да өте ауыр болды. Тонау. 18 жастағы жап-жас жігіт бір түнде 4 пәтерді тонаған. Арасында жәбірленушілерге пышақ жарақатын салған. Қылмысқа қасақана, дайындалып барған. Бағалы заттарды ұрлап, тоңазытқыштарды «тазалап» кеткен. Оның ата-анасы бар болғанымен, тәрбиесі қиын балалардың қатарынан екен. Арнайы



БАЛАСЫН БЕТІМЕН ЖІБЕРГЕН АТА-АНА АЙЫППҰЛ ТӨЛЕЙДІ

Жамбыл облысы кәмелетке толмағандар істері жөніндегі мамандандырылған ауданаралық сотының бас маманы Қ.Тілемісова Тараз мемлекеттік университетінде жасөспірімдер арасындағы қылмыс пен құқық бұзушылықтың алдын алу бойынша ұйымдастырылған семинарға қатысты.

Қ.Тілемісова өз баяндамасында кәмелетке толмағандар арасында кездесетін қылмыс пен құқық бұзушылықтарға тоқталды. Әсіресе, түнгі ойын-сауық орындарында жасөспірімдер алкогольдік ішімдік ішіп, есірткі, психотроптық заттарды қолданғандықтан әртүрлі құқық бұзушылыққа, қылмысқа барады. Баяндамашы жасөспірімнің ата-ана бақылауынсыз түнгі уақытта тұрғынжайдан тыс жерде жүруінің өзі әкімшілік құқық бұзушылыққа жататынын, ол үшін әкімшілік жаза да қарастырылғанын атап өтті. Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодекстің 442-бабына сәйкес, кәмелетке толмағандардың заңды өкілдерінің еріп жүруінсіз сағат 22-ден таңғы 6-ға дейін ойын-сауық мекемелерінде болуы – 3 АЕК мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады. Сондай-ақ, кәмелетке толмағандардың заңды өкілінің еріп жүруінсіз тұрғынжайдан тыс жерде сағат 23-тен таңғы 6-ға дейін болуы – заңды өкіліне ескерту жасауға, ал осы көрсетілген әкімшілік жаза бір жыл ішінде қайталан жасалса – заңды өкіліне 7 АЕК мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғатыны түсіндірілді. Яғни, баласын бетімен жіберген ата-ана айыппұл төлейді.

Семинар соңында Қ.Тілемісова студенттер қойған барлық сұрақтарға толықтай жауап беріп, алдағы уақытта осындай кездесулердің жиі өткізіліп тұруын қолдайтынын жеткізді.

Жамбыл облысы кәмелетке толмағандардың істері жөніндегі мамандандырылған ауданаралық сотының баспасөз қызметі

ҚазҰУ - 90

ҒАЛЫМДАР ПІКІРІ ҚАЙ КЕЗДЕ ДЕ БАҒАЛЫ

Қазақ Ұлттық университеті – еліміздегі білім ордаларының көшбасшысы. Республикамыздың түкпір-түкпірінде шәкірт тәрбиелеп, мамандар дайындап жатқан білім ошақтарының бәрі бағдарды осы қара шаңырақтан алады. Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ – барлық университеттерге бағыт нұсқаушы, жол-жаоба көрсетуші. Білімге қатысты жаңашылықтардың бәрі осы оқу орнынан бастау алып, халықаралық байланыстар, озық жобалар да осы ортада тұңғыш рет сыннан өтеді.

ҚазҰУ – маман дайындау ісіне тыңғылықты қарайтын, бұл мәртебелі міндетті ең мықты, ең білікті ғалымдарға жүктеп келе жатқан бірден-бір оқу ордасы. Әр салада мойындалған, өзінің терең білімімен көпшіліктің құрметіне бөленген мамандар жылдар бойы университет қабырғасында қызмет етті. Білікті оқытушыларды бір орталыққа шоғырландыра білген университеттің ғылыми ізденістердің, жаңа бастамалардың жаршысы болғаны да сондықтан. Біздің заң факультеті де тоқсан жылдық тарихында түрлі даму, ілгерілеу сатысынан өтті. Заң саласында ілкімді зерттеулер жүргізіп, қазақ заң ғылымының тарихы мен қыр-сырын тереңнен танауға ұмтылған білікті ғалымдардың жанкешті еңбегінің арқасында білім саласында үлкен өзгерістер орын алды. Өзінің білімі мен ұшқырлығын мойындатқан заң саласының ғалымдары мемлекеттің сот, құқықтық құрылымдарының жұмысын жандандыруға үнемі атсалысып, өзіндік пікірін қосып келеді. ҚазҰУ ғалымдары Парламент жұмысының алға жылжуына да септігін тигізуде. Парламент қабырғасында дайындалған, талқыланған, қолданысқа енгізілген әрбір заңды құжаттың артында ғалымдардың жанкешті еңбегі тұр. Бүгінгідей ақпараттық заманда заң ғалымдарының жаңа заң жобаларына қатысты пікірін білдіріп, кемшіліктің алдын алуға қадам жасап жүргенін жиі байқаймыз. Заңдардың өміршең болуына, теориялық негіздің тәжірибе барысында сынға ұшырамауына ғалымдар аз еңбек сіңіріп отырған жоқ.

Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті – іргелі білім ошағы, ғылым мен мәдениеттің орталығы. Халқымыздың заңғар перзенттері қызмет еткен, талай талантты ұл-қыздарымыз осы қара шаңырақта тәлім алған, білім көкжиегін кеңейткен. Ғылым мен қоғам қайраткерлерінің бірнеше буынын тәрбиелеп шығарған алтын ұямыз биыл 90 жылдық мерекесін тойлайды.

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ маңызды ғылыми-зерттеу институттарының бірі және сонымен қатар Қазақстанның көптеген ғылыми және кәсіби салаларындағы магистранттар мен аспиранттарға орасан зор мүмкіндіктер ашатын көрнекті оқу ордасы. Міне, осындай үздік нәтижелердің арқасында тоқсан жыл бойы өзінің дара, көшбасшы оқу ордасы екенін дәлелдеген ҚазҰУ алдағы уақытта да өз биігінен түспейді деп сенеміз.

Гүлдана ҚУАНАЛИЕВА,
әл-Фараби атындағы ҚазҰУ,
Кедең, қаржы және экологиялық құқық кафедрасының профессоры,
заң ғылымдарының докторы

АПОСТИЛЬ ҚОЮ ҚАҒИДАЛАРЫ

Апостиль дегеніміз – құжатқа қол қойған адамның қолын және оның өкілеттіктерін, сондай-ақ осы қағаз немесе электрондық нысандағы құжат бекітілген мөрдін немесе мөртаңбаның түпнұсқалығын растайтын арнайы мөртаңба. Апостильденген құжат аттестациялауды немесе заңдастыруды талап етпейді және оны конвенцияға қатысушы барлық мемлекеттің ресми органдары мойындайды.

Бұған байланысты қажетті құжаттар тізбесі мен оның қолданылуы, өтініш беру үлгісі Жоғарғы Сот жанындағы Соттардың қызметін қамтамасыз ету департаментінің шешімімен қабылданған 2020 жылғы 13 сәуірдегі «Сот органдарынан шығатын ресми құжаттарға апостиль қою» туралы заңнамада айқын көрсетілген. Аталған

заңнамаға сәйкес бұл мемлекеттік қызметті алу үшін жеке және заңды тұлғалар көрсетілетін қызметті берушіге «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы» КЕАҚ арқылы қағаз тасығышта не «электрондық үкіметтің» www.egov.kz веб-порталы арқылы электронды өтініш бере алады. Құжатты апостильдеуге өтініш түскен соң соттың жауапты қызметкері сот органдарынан шыққан ресми құжаттың шынайылығын, қол қоюшы қолының сәйкестігін, сот мөртаңбасының түпнұсқаға сәйкестігін арнайы үлгілерге қарап, тексеру жүргізеді. Яғни, еліміздің барлық өңірінде сот органдарының шығатын ресми құжатқа апостиль қою үшін сол өңірдің сотына тікелей барып немесе халыққа қызмет көрсету орталығының филиалына жүгіну керек.

Рахат АККАСИНОВ,
Жалағаш аудандық сотының бас маманы
ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫ

ОРАЙЫ КЕЛГЕН ӨҢГІМЕ

– **Жанар Балтабайқызы, тұрмыстық зорлық-зомбылық орын алатын отбасылар көп пе? Олар есепке алына ма?**

– Тұрмыстық зорлық-зомбылық туралы заңға сәйкес, ішкі істер органдарында тұрмыстық зорлық-зомбылық фактілері туралы өтініштер мен хабарламалар бірден есепке алынып, қаралады және олардың жолын кесу мақсатында шаралар қолданылады. Жәбірленушілер көмек көрсету мекемелеріне немесе денсаулық сақтау ұйымдарына жіберіледі, профилактикалық әңгімелесу жүргізіледі. Тұрмыстық зорлық-зомбылық жасаған адамды ішкі істер органдарына жеткізеді, қорғау нұсқамасы шығарылады және профилактикалық жұмыстар жүргізіледі. Сондай-ақ, сот шешімімен 5, 15 тәулікке әкімшілік қамауға алынады, егер де әрекет бір жыл ішінде тағы қайталанса құқық бұзушы 10, 20 тәулікке темір торға тоғытылады. Ал қылмыстық іс қозғалған жағдайда, сот үкімімен 3 жылдан 10 жылға дейін бас бостандығынан айырылады. Учаскелік полиция инспекторлары өздеріне қарасты аумақта құқық бұзушылыққа жол берген адамды анықтап, есепке алады. Яғни, отбасы емес, тек құқық бұзушы есепке алынады. Инспектор бақылау орнатып, қорғау нұсқамасы берілген адамдармен жеке жұмыс жүргізеді. Құқық бұзушыны әкімшілік жауапкершілікке тарту жөнінде сот шешімі шықса, соның орындалуын қадағалайды.

– **Сонда инспекторлар тек дене зардабын келтіріп, адам өміріне қауіп төндірген адамды ғана бақылай ма?**

– 2009 жылғы 4 желтоқсандағы «Тұрмыстық зорлық-зомбылық профилактикасы туралы» ҚР заңының 4-бабына сәйкес тұрмыстық зорлық-зомбылықтың төрт түрі бар деп есептеледі. Яғни, дене зардабын келтіру, психикалық, сексуалдық және экономикалық қысым көрсету түрінде жасалуы ықтимал. Зардап шегушімен жұмыс кезінде осының бәрі ескеріледі.

– **Түркістан облысында жыл басынан бері қанша адам зорлық-зомбылық бойынша құқық қорғау органының көмегіне жүгінді?**

– Негізінен тұрмыстағы зорлық-зомбылық мәселесімен бізге 18-39 жас аралығындағы әйелдер жүгінеді. Көбінесе олар физикалық немесе жыныстық зорлық-зомбылыққа ұшырағанын айтады. Көбіне зардап шегушілер отбасында туындаған мәселелер туралы айта алмайды. Егер олар алда-жалда өтініш жаза қалса, оны артынша қайта алып кетеді. Бұл арадағы негізгі мәселе – әйелдер мен жасөспірім қыздар агрессордан әрі оның туыстарының іс-әрекеттерінен қорқып, жұрттан ұят болады деген ұғыммен, өз құқықтарынан бас тартуды және істі сотқа дейін жеткізбейді. Статистика көрсеткішіне сүйенер болсақ, тұрмыста құқық бұзған 3921 тұлғаға қатысты қорғау нұсқамасы шығарылып, 589 тұлғаның мінез-құлқына сотпен ерекше талап белгіленді. Құқық бұзушылыққа бейім 515 каме-

летке толмаған және бала тәрбиесіне немқұрайды қарайтын 325 ата-ана қолайсыз отбасы ретінде ішкі істер органының есебіне алынды. Ал 4 отбасы ата-ана құқығынан айырылды.

– **Мемлекет басшысы өзінің әр жолдауында зорлық-зомбылыққа жол берілмейтінін айтады. Әлімжеттікті азайту үшін алдағы уақытта не істеу керек?**

– Ел Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев өзінің Қазақстан халқына жолдауында тұрмыстық зорлық-зомбылық үшін жауапкершілікті қатаңдату жөнінде тапсырма беріп келеді. Жолдаудағы тапсырмаларды орындау үшін министрлік заңнамалық өзгерістер әзірледі. Атап өтер болсақ, 1 шілдеден бастап полиция тұрмыстық құқық бұзушылықтарды тіркеуді өтініш беру сипатынан анықтау сипатына ауыстырады. Жаңа түзе-

Жанар БАЛТАБАЙҚЫЗЫ, Түркістан облысы Полиция департаменті Жергілікті полиция қызметі басқармасының әйелдерді зорлық-зомбылықтан қорғау бөлімінің аға инспекторы, полиция подполковнигі:

«ОТБАСЫ ТАТУ БОЛСА, ҚОҒАМ ҚАУІПСІЗ»

тулер жәбірленушілердің өтінішінсіз әкімшілік құқықбұзушылық туралы іс қозғауға мүмкіндік береді. Яғни, тұрмыстық зорлық-зомбылық жасау фактісі бойынша хаттама жасау үшін куәгерлердің, көршілердің айғақтары, бейнебақылау камералары мен бейнетіркегіш жазбалары жеткілікті. Соңғы шешімді сот қабылдайды. Сонымен қатар, тараптарды қайта татуластыру мүмкіндігі алынып тасталды. Қазір тұрмыстық зорлық-зомбылық туралы материалдардың жартысы татуласуға байланысты сотта тоқтатылады. Бұндай жағдайлар көбіне агрессордың, сонымен қатар оның туыстарының сендіруі немесе қысымымен орын алады. 2023 жылдың шілде айынан бастап сотта бір рет қана татуласуға мүмкіндік берілген. Бұл психологиялық қысымнан туындайтын зардап шеккендерге қатысты қатал әрекеттерді тоқтатуға мүмкіндік туғызады. Сондай-ақ, тұрмыстық зорлық-зомбылық жасағаны үшін әкімшілік және қылмыстық жауапкершілік те күшейтілді. Әкімшілік қамауға алудың нақты мерзімдері анықталды. Әкімшілік құқықбұзушылық туралы кодекстің шеңберінде отбасылық-тұрмыстық қатынастар саласында құқық бұзушылықтар жасағаны үшін 73-бап, 73-1-бап, 73-2-бап, 461-бап, 669-баптың 2-бөлігі, 669-баптың 3-бөлігі бойынша әкімшілік қамауға алу мерзімдері айқындалған. Тағы бір атап өтеріміз, бұл баптардың бәрінен «дейін» деген шектеу алып тасталды, 10, 15, 20 тәулікке қамауға алу қалдырылды. Егер әйеліне зорлық-зомбылық көрсетілгені қайталанған жағдайда құқық бұзушы 25



Жанар Балтабайқызы, Түркістан облысы Полиция департаменті Жергілікті полиция қызметі басқармасының әйелдерді зорлық-зомбылықтан қорғау бөлімінің аға инспекторы, полиция подполковнигі.

ТТ тұрмыстық зорлық-зомбылық жасау фактісі бойынша хаттама жасау үшін куәгерлердің, көршілердің айғақтары, бейнебақылау камералары мен бейнетіркегіш жазбалары жеткілікті. Соңғы шешімді сот қабылдайды. Сонымен қатар, тараптарды қайта татуластыру мүмкіндігі алынып тасталды. Қазір тұрмыстық зорлық-зомбылық туралы материалдардың жартысы татуласуға байланысты сотта тоқтатылады. Бұндай жағдайлар көбіне агрессордың, сонымен қатар оның туыстарының сендіруі немесе қысымымен орын алады. 2023 жылдың шілде айынан бастап сотта бір рет қана татуласуға мүмкіндік берілген.

тәулікке әкімшілік қамауға алынады. Қамау мерзімі де ұзартылды. Демократиялы, зайырлы елде адамды қорлауға жол берілмейді.

– **Егер әйеліне орташа немесе ауыр дене жарақатын салған жағдайда қандай шара қолданылады?**

– 19 мамырдан бастап Қылмыстық кодекстің денсаулыққа ауыр және ауырлығы орташа зиян келтіру қылмысына байланысты жекелеген баптарға біліктілік белгісі енгізілді. Бұл белгі ҚК 106-бабы, ҚК 107-бабы бойынша «Кінәліге материалдық немесе өзге де тәуелділіктегі адамға қатысты іс-әрекет жасау» деп танылады. Бұл қылмыскерді оқшаулау үшін қамауға алу санкциясын қолдануға, сондай-ақ жауапкершілікті күшейтуге мүмкіндік береді. Аталған заң ҚК 106-бабының 1-бөлігінің санкциясы 3 жылдан 8 жылға дейін, 106-бабының 2-бөлігі бойынша 6 жылдан 10 жылға дейін ҚК

107-бабының 1-бөлігінің санкциясы 2 жылға дейін, 2-бөлігі 3 жылға дейін қамауға алынады.

– **Жергілікті полиция басқармасында әйелдерді зорлық-зомбылықтан қорғау инспекторларының штаттық бірлігі қанша?**

– Елімізде әйелдердің қоғамдық-саяси, әлеуметтік-экономикалық, рухани өмірдегі белсенділігі мен қоғамдағы рөлін арттыру, олардың азаматтық құқығын, мүдделерін қорғау мақсатында, алғашқы рет арнайы бөлім 1999 жылы 19 ақпанда құрылды. Кейіннен бұл бөлімше біраз аудандарда таратылды. Пандемия кезеңінде тұрмыстық зорлық-зомбылық жағдайларының ұлғаюына байланысты Мемлекет басшысының ұлттық қоғамдық сенім кеңесінің отырысындағы тапсырмасына сәйкес, Ішкі істер министрінің бұйрығымен әйелдерді зорлық-зомбылықтан қорғау жөніндегі бөліністерінің штат саны ұлғайтылып, әр

ауданда қайтадан енгізілді. Атап айтқанда, Түркістан облысы Полиция департаменті Жергілікті полиция қызметі басқармасында әйелдерді зорлық-зомбылықтан қорғау жөніндегі инспекторлардың қосымша 12 штаттық бірлігі енгізілді (6-дан 18-ге дейін жеткізілді. Оның ішінде, аппаратта-1, қала, аудан ПБ/Б/-де 17 жұмыс атқарады).

– **Көптеген әйелдер дағдарыс орталығында тұру мерзімі біткеннен кейін шарасыздықтан күйеуіне оралуға мәжбүр боп жатады. Осындай әйелдерге учаскелік инспекторлар көңіл бөле ме?**

– Біз отбасындағы тұрмыстық зорлық-зомбылықтың алдын алу және болдырмау бойынша дағдарыс орталықтарымен тығыз байланыстамыз. Ынтымақтастық аясында бірқатар бірлескен іс-шаралар өткізіледі, мысалы: ақпараттық науқандар, акциялар, жағдайы төмен отбасылар бойынша бірлескен рейдтер және т.б. ҚР Ішкі істер министрінің 2021 жылғы 19 наурыздағы №164 бұйрығына сәйкес әйелдерді зорлық-зомбылықтан қорғау жөніндегі бөлімшелердегі штат саны қалыпқа келтірілді. Аталмыш топ қызметкерлері әйелдерге қатысты құқықбұзушылықтың алдын алу бойынша полиция органдарының қызметін үйлестіру ісімен айналысады. Сондай-ақ зардап шеккен әйелдерді жеке қабылдайды. Әрбір зорлық-зомбылық дерегі учаскелік сақшыдан әйелдерді қорғау жөніндегі инспекторға жеткізіледі. Содан кейін отбасын дағдарыстан шығару жұмыстары жалғасады. Әр отбасының тыныштығын сақтау ең алдымен сол отбасы мүшелеріне, бірінші кезекте ерлі-зайыптыларға байланысты. Отбасы қауіпсіз болса, қоғам қауіпсіз болады. Сондықтан әр шаңырақтың шайқалмауына септесу, түрлі жанжалдарды болдырмау үшін біз де бар күш-жігерімізді жұмсай береміз.

– **Облыс көлемінде тұрмыстық зорлық-зомбылықтың құрбандарына көмек беретін тағы қандай мекемелер бар?**

– Облыс көлемінде тұрмыстық зорлық-зомбылықтың құрбандарына арналған «Сенім-Ай» қоғамдық бірлестігінің «Көмек» және «Жігерлі жүрек» мүгедектер қоғамы қоғамдық бірлестігінің дағдарыс орталықтары жұмыс жасайды. Дағдарыс орталығының баспанасы 50 адамға арналған. Дағдарыс орталықтары тұрмыстық зорлық-зомбылық құрбандарына тегін медициналық, заңгерлік және психологиялық кеңестермен қатар, баспанамен қамтамасыз етеді. Осы он айда екі жүзге жуық адам отбасында зорлық-зомбылық құрбаны болған. 2023 жылдың 10 айында дағдарыс орталықтарына барлығы 197 зорлық-зомбылық құрбаны жүгінген. Оның ішінде 49 әйел, 1 еркек, 147 бала орналастырылды. Олардың жағдайына қарай көмек көрсетілді. Бұл орталыққа келгендердің басым бөлігі психологиялық күйзеліске ұшыраған адамдар. Қалыпты қоғамда мұндай құқықбұзушылықтарға жол берілмеу керек.

– **Өңгімеңізге рақмет.**
Раушан ПЕРНЕХАНҚЫЗЫ
ТҮРКІСТАН ОБЛЫСЫ

ҚҰҚЫҚТЫҚ САУАТ

ЖЕКЕ АЙЫПТАУДЫ ҚАРАУ РЕТІ

Қылмыстық іс жүргізу заңнамасы жасалған қылмыстық құқық бұзушылықтың сипаты мен ауырлығына байланысты сотта қылмыстық қудалау мен айыптау жеке, жеке-жария және жария тәртіппен жүзеге асырылуын көздейді.

Жеке айыптау істері олардың қозғалуы жәбірленушінің еркіне байланысты болатындығымен ерекшеленеді; іс қозғалған жағдайда, ол айыпталушымен татуласқан жағдайда тоқтатылуға жатады.

Барлық іс жүргізу сотта жүзеге асады, айыптауды қозғауды, тұжырымдауды және қолдауды «жеке айыптаушы» деп аталатын жәбірленуші жүзеге асырады. Егер іс-әрекет дәрменсіз немесе тәуелді күйдегі не өзіне тиесілі құқықтарды өз бетінше пайдалана алмайтын басқа да себептер бойынша адамның мүдделерін қозғайтын болса, онда қылмыстық істі прокурор жәбірленушінің шағымы болмаған кезде де

қозғауы мүмкін. Кәмелетке толмаған немесе әрекетке қабілетсіз адам жәбірленуші болып табылған жағдайларда сотқа оның заңды өкілі шағыммен жүгінуге құқылы.

ҚР Қылмыстық-процестік кодексінің де жеке айыптаудың толық тізбесі беріледі.

Іс жүргізу жәбірленушінің шағымы бойынша ғана басталады және оны айыпталушымен, сотталушыны татуластыру ісі бойынша тоқтатуға болады. Жеке айыптауды қозғауға 18 жасқа толған жеке тұлғаның, заңды тұлғаның, ҚПК-нің 71, 76-бабында көрсетілген жәбірленушінің заңды өкілдері мен өкілдерінің шағымы себеп болады.

ҚПК-нің 32-бабының 4-бөлігіне сәйкес, егер іс-әрекет дәрменсіз немесе тәуелді күйде тұрған не басқа себептер бойынша өзіне тиесілі құқықтарды өз бетінше пайдалана алмайтын адамның мүдделерін қозғайтын болса, жеке айыптау істері бойынша іс жүргізуді прокурор және жәбірленушінің шағымы болмаған кезде қозғауы мүмкін.

Шағымда ол берілген соттың атауы, қылмыс оқиғасының сипаттамасы, дәлелдемелерді көрсете отырып, оның жасалған орны мен уақыты, іс жүргізуге қабылдау туралы сотқа өтініш, қылмыстық жауаптылыққа тартылатын адам туралы мәліметтер; сотқа шақырылуы қажет куәлардың тізімі болуға тиіс.

Судья шағым ҚПК-нің 408-бабының 2-бөлігінде көрсетілген талаптарға сәйкес келсе, өзінің іс жүргізуіне қабылдайды.

Істі жеке айыптау бойынша қарағаннан кейін судья келесі шешімдердің бірін қабылдайды:

- 1) айыптау немесе ақтау үкімін шығарады;
- 2) істі тоқтатады;
- 3) жария немесе жиі-жария тәртіппен қудаланатын қылмыстық құқықбұзушылық белгілері анықталған кезде істі сотқа дейінгі тергеп-тексеру жүргізу туралы мәселені шешу үшін тиісті прокурорға жібереді.

2023 жылдың 9 айында Шахтинск қалалық сотына жеке айыптау тәртібімен 114 шағым түсті.

А.АЛМЕНОВ,
Шахтинск қалалық сотының судьясы
ҚАРАҒАНДЫ ОБЛЫСЫ

ӘЛЕУМЕТ

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ РЕЙТИНГ АГЕНТТІКТЕРІНІҢ САНЫ ҰЛҒАЙДЫ

Қазіргі уақытта халықаралық стандарттарға сәйкес қаржы ұйымдарын реттеуде 3 халықаралық рейтингтік агенттіктің рейтингтері пайдаланылуда. Олар: Standard & Poor's, Moody's және Fitch.

Агенттік басқармасының шілдедегі №67 қаулысы бойынша шетелдік рейтингтік агенттіктерді тану 18 өлшемшарты белгіленген. Оның ішінде ең төмен капиталдың болуы, халықаралық стандарттарға сәйкес келетін рейтингтеу әдіснамасы мен модельдерін, корпоративтік басқару жүйелерін енгізу, ақпаратты қорғауды және конфиденциалдылықты қамтамасыз ету бар. Онда шетелдік агенттік рейтингтерін оның шетелдік реттеушісінің тануы, мүдделер қақтығысын болдырмау жөніндегі талаптардың сақталуы, агенттік қызметкерлерінің біліктілік талаптарына сәйкес келуі де тексеріледі.

Соған сәйкес Ресей Талдамалық кредиттік рейтингтік агенттігі (ТКРА) белгіленген өлшемшарттарға сәйкестігін растады. Жүргізілген бағалау қорытындысы бойынша агенттік ТКРА-ның рейтингтерін пруденциалық нормативтер мен лимиттерді сақтау мақсатында қаржы ұйымдарының қолдауы үшін тананды.

Қаржы нарығының талдамалы зерттеулерімен айналысатын Standard & Poor's, Moody's және Fitch АҚШ-тың әлемдік деңгейдегі көшбасшы рейтинг агенттіктері. Атап айтқанда Standard & Poor's (S&P) – McGraw-Hill корпорациясының, Moody's – Moody's Corporation корпорациясының еншілес компаниясы. Үшеуінің де штаб-пәтерлері Нью-Йоркте орналасқан.

Е.КЕБЕКБАЙ,
«Заң газеті»

НАРЫҚ ПЕН ХАЛЫҚ

Жол-көлік оқиғасынан кейінгі сақтандыру төлемін есептеу үшін әрбір сақтандыру компаниясы автокөліктің амортизациялық пайызын ескереді. Енді бұл көрсеткішті барлығы онлайн түрде есептей алады. Амортизация калькуляторын құрудың бастамашысы – ҚР Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі.

АВТОКӨЛІК ЖАҒДАЙЫН ЖЫЛДАМ АНЫҚТАУҒА БОЛАДЫ



Жол-көлік оқиғасы – барлық жүргізушілер үшін жағымсыз оқиға. Онда жол полициясын күту, құжаттарды толтыру, сондай-ақ сақтандыру төлемінің сомасын анықтау қажет. Оған көліктің шығарылған жылы, жүрісі (км) оның жағдайы және тағы басқа факторлар әсер етеді. Сақтандыру төлемінің мөлшеріне әсер ететін негізгі шарттардың бірі – автокөліктің амортизациясы.

Амортизация – бұл көлік құралының, сондай-ақ оның құрамдас бөліктерінің тозуын есепке алу. Кез келген машинаның өз ресурсы болады, олар жұмыс кезінде таусылады. Амортизацияның пайыздық мөлшерін анықтау үшін автомобильді пайдалану шарттарын білуіңіз керек. Сақтандыру төлемдерін есептеу және өңдеу үшін сақтандыру компаниялары заң бойынша амортизацияны есепке алуды талап етеді. Сондықтан сақтандыру төлемінің көмегімен сіз көлігіңізді өзінің жылына сай жөндей аласыз, одан артық үміттенбеуіңіз керек – мұнда сақтандырушылар заңмен шектелген. Ол

көлік құралының санаты, маркасы, шығарылған жылы, ағымдағы жүрісі сияқты көрсеткіштер арқылы есептеледі. Енді <https://ffins.kz/wear-vehicle> сайтындағы тозу калькуляторы арқылы көліктің тозу дәрежесін 5 минутта білуге болады.

«Идеяны реттеушімен талқылай келе, біздің компания оны жеңіл және қарапайым қызмет түрінде автокөлік иесіне залалды есептеу әдістерімен және күрделі тұжырымдарымен ауыртпалықсыз тікелей веб-сайтта жүзеге асыруға шешім қабылдады. Біз іс жүзінде кәдімгі калькулятордан аса күрделі болмайтын есептеу механизмін әзірлеуді шештік. Бұл құрал көлік иелеріне амортизацияны есептеуге көмектеседі, сонымен қатар халықтың қаржылық сауаттылығын, атап айтқанда сақтандыру саласында дамыту құралы рөлін атқарады. Сондай-ақ, көлік иелері есептердің ашықтығын өздері бағалай алады», – деді Freedom Finance Insurance АҚ басқарма төрағасы Азамат Керімбаев. Оның айтуынша, көліктердің

құнын анықтау әдістемесі сот-сараптамалық автомерчандайзингтік зерттеу аясында әзірленді. Әдістемені әзірлеу кезінде көлік құралдарының нарықтық құнын, жөндеу жұмыстарының құнын және бұзылған көлік құралдарының тауарлық құнын жоғалтуды анықтау үшін жүйелі және арнайы сараптамалық білім пайдаланылды. Сондай-ақ, олардың

жарамды қалдықтарының бағасы, автомобиль тауарлық зерттеулері аясында көлік құралдарына техникалық қызмет көрсету және жөндеу, сондай-ақ жөндеуге есептелген уақыт ескерілді.

Қажетті жолдарды толтыру және «амортизацияны есептеу» түймесін басу арқылы көлік амортизациясының калькуляторы сіздің көлігіңіздің амортизациясының пайызын көрсетеді. Компанияның сақтандыру төлемдері департаментінің директоры Қанат Әліғұловтың сөзіне қарағанда, бұл көлік құралының төлемге жатпайтын физикалық тозу сомасы. Мысалы, 2012 жылғы 180 мың шақырым жүрістегі Kia автокөлігін қалпына келтіру жұмыстарының құны 500 мың теңгені құраса, ал амортизация 64,68% есептелсе, онда бұл жағдайда сақтандырушы 500 мың теңге 64,68% сомасын алып тастап төлем жасайды. Яғни 500 мың теңгеден 323 400 теңге (64,68%) шегеріліп, төлемге 35,32%, яғни 176 мың теңге қарастырылады. Егер пайдаланушының ағымдағы жүрісті көрсету мүмкіндігі болмаса (апаттардың салдарынан панельдік дисплей көрсетілмесе), онда бұл жағдайда есептеу үшін ұқсас көліктің орташа жылдық жүгірісін (км) алуға болады. Бұл құрал сақтандыру компанияларының клиенттеріне автокөліктердің амортизациясын есептеу алгоритмдері туралы түсінік береді. Әзірлеу қандай құрамдас бөліктерден тозу пайызы есептелетінін және соңғы көрсеткіште қандай негізгі фактор екенін анық көрсетеді. Ол сақтандыру компаниясының есептеулері үшін тексеру құралы болады.

Е.КЕБЕКБАЙ, «Заң газеті»

КӨЗҚАРАС

БІЗ ШӘКІРТТЕРІМІЗБЕН МАҚТАНАМЫЗ!

Әрбір білім ордасының түпкі мақсаты – нарықтан өз орнын таба алатын, бәсекеге қабілетті, сынға төзімді, кез келген сынақтан мүдірмей өтетін, өзі білім алған шаңырақтың атына кір келтірмейтін шәкірт тәрбиелеуге негізделеді. Соның ішінде заң саласында, құқықтық құрылымдарда қызмет ететін сапалы заңгер мамандарды дайындау үлкен ізденісті, жан-жақты еңбекті талап етеді. Себебі, біздің елімізде заңгер болуды қалайтын жастардың легі ешқашан кемімеген. Тіпті, мемлекеттік тапсырыс саны жыл сайын азайғанына қарамастан, ақылы бөлімде білім алғысы келетін жастар қатары жылдан жылға артып келеді. Сәйкесінше, республикамыздың әр өңірінде заң саласына маман дайындайтын арнайы оқу орындарынан бөлек, факультеттер, кафедралар жұмыс істейді. Осы көптеген оқу ордасының мақсаты бір болғанымен, мүмкіндігі әртүрлі. Ал сол заң факультеттерінің сүйенері – әл-Фараби атындағы университеттің оқу бағдарламасы екені белгілі.

ҚазҰУ-дың шәкірттерге ұсынар жағдайы да, берер мүмкіндігі де ұлан-асыр. Онда ең бастысы – университетте заң теориясын жетік меңгерген мамандардан ғана емес, құзырлы орындарда жемісті еңбек етіп жүрген практик мамандардан да дәріс алып, білімін жетілдіруге жағдай жасалған. Заң факультетінің студенттері университет қабырғасында оқып қана қоймай, полиция, прокуратура, сот саласының жұмысына араласып, тәжірибесін шыңдауына, кәсіби шеберлігін арттыруға мүмкіндік алған.

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ түлектерді жұмысқа орналастыру рейтингінде де алдыңғы қатарда тұрғанын айта кетуіміз керек. Ал бұл бүгінгідей бәсеке күшейіп тұрған, нарықтық заманда аса өзекті. Біз өзіміз тәрбиелеген шәкірттер «Дипломды жұмыссыздар» қатарын толтырмас үшін түлектерді жұмысқа оналастырудың барлық әдіс-тәсілдерін, озық тәжірибелерді пайдаланамыз. Бұл ізденістер нәтижесіз емес. QS Graduate Employability Rankings рейтингі көрсеткендей, түлектерін жұмыспен қамтыған әлемдегі 550 мемлекет ішінен 201-орынды алған біздің университетіміз Орталық Азиядағы алғашқы жоғары оқу орны саналады.

ҚазҰУ – «Бес жұлдыз» марапатына ие болған Орталық Азия аймағындағы алғашқы және жалғыз жоғары оқу орны. 1934 жылы университеттің ашылуынан бастап, бүгінгі күнге дейін ҚазҰУ Қазақстанның көптеген рейтингтерінде жоғары деңгейден көрініп келеді. Қара шаңырақ түлектері мемлекеттік аппаратта жоғары қызмет атқарады, мемлекетіміздің барлық салаларында, көптеген танымал компанияларда еліміздің өркендеуі үшін еңбек етуде. Біз осындай алған білімін өндірісте көрсете білген, нарықта өз қабілет-қарымын мойындата алған шәкірттерімізбен мақтанамыз.

Роза ЕРЕЖЕКЫЗЫ, әл-Фараби атындағы ҚазҰУ Кеден, қаржы және экологиялық құқық кафедрасының аға оқытушысы, PhD докторы

БІТІМ

«Медиация туралы» заң елімізде дауларды шешудің жаңа баламалы түрін бекітіп, республикада дауларды соттан тыс реттеу институтын енгізді.

МЕДИАЦИЯНЫҢ НАСИХАТЫ КЕМШІН

Медиацияның мақсаты дауда екі тарапты да қанағаттандыратын нұсқаға қол жеткізу, тараптардың дауласушылық деңгейін төмендету.

Медиация жүргізу қағидаттары: еріктілік, медиация тараптарының тең құқылығы, медиатордың тәуелсіздігі мен бейтараптығы, медиация рәсіміне араласуға жол бермеушілік, құпиялылық.

Жеке және заңды тұлғалар қатысты азаматтық, еңбек, отбасылық және өзге де құқық қатынастарынан туындайтын дауларды реттеу кезіндегі атқарылатын іс-қимылдар медиация туралы шарт жасалған күннен бастап күнтізбелік отыз күннен кешіктірмей аяқталуға тиіс. Қажет болған жағдайда тараптардың өзара шешімі бойынша медиацияны жүргізу мерзімі күнтізбелік отыз күнге дейін ұзартылуы мүмкін, бірақ жиынтығында ол күнтізбелік алпыс күннен аспауға тиіс.

Азаматтық істерді қарау аясында некені жалғастыруға, ата-ана құқықтарын жүзеге асыруға, балалардың тұрғылықты жерін белгілеуге, ата-аналарының балаларды

бағып-қутуға салымына қатысты ерлі-зайыптылар арасындағы келіспеушіліктер, сондай-ақ отбасылық қатынастардан туындайтын басқа да келіспеушіліктер медиация арқылы шешілуі мүмкін.

Әрине «Медиация туралы» заңның жүзеге асырылуы барысында қиындық туғызып отырған мәселелер де жоқ емес. Заң күшіне енген мерзімнен бастап, Қазақстанда жаңа құқықтық институт жұмыс істей бастады. Бірақ бүгінгі таңда медиацияны қолдану бойынша ақпарат көлемі толық қалыптаспаған, медиацияға жеке тұлғалар мен заңды тұлғалар өте сирек жүгініп отыр. Оның басты себептерінің бірі, сот жүйесіндегі бұл оң бағыттан әлі де халықтың жеткілікті түрде хабардар бола алмай отырғаны. Медиацияны дамыту үшін насихат жұмысын кеңейтіп, медиаторлар белсенділігін арттыру керек.

Г. БАСЫБАЕВА, Мұғалжар аудандық сотының бас маманы АҚТӨБЕ ОБЛЫСЫ

РУХАНИЯТ

«Алматының Бас ботаникалық бағында Орталық Азиядағы тұңғыш «Арқалан» петроглифтер саябағы құру жұмыстары жүргізілуде. Ол «Петроглифтер аңшылары» қорының сонымен қатар Ботаника және фитоинтродукция институты қызметкерлерінің бастамасымен құрылууда.

– Саябақтың петроглифтеріне Қазақстанның әртүрлі киелі жерлерінен арнайы таңдап алынған түркі дәуірінің шынайы суреттері не-

АЛМАТЫДА ТҰҢҒЫШ ПЕТРОГЛИФТЕР САЯБАҒЫ АШЫЛАДЫ

Саябақтың тұжырымдамасын Зира Наурызбаева, Ольга Гумирова және Светлана Лизунова әзірлеген. Дендроплан Ботаника және фитоинтродукция институты ғалымдарының ұсынысы негізінде жасалды. «Арқалан» саябағының көркем нысандарының авторлары петроглифші Санжар Жұбанов пен мұсінші Саид Айнеков. Саябақ қазақстандық кәсіпкер Нұрлан Жағыпаровтың қаржылық қолдауының арқасында құрылды. «Арқалан» петроглифтер саябағының ресми ашылуы 2024 жылға жоспарланған. Ашылғаннан кейін ол Алматы қаласының Бас ботаникалық бағына тегін беріледі.

– «Арқалан» петроглифтер саябағы – әлемде теңдесі жоқ бірегей нысан. Онда қазақ суретшісі Санжар Жұбановтың интерпретациясындағы түркі петроглифтерінің көшірмелері мен түркі мифологиясын пайдаланатын заманауи өнер нысандарының галереясы ұсынылған. Жобаның мақсаты – Қазақстан тарихын насихаттау және сақтау, – дейді «Петроглифтер аңшылары» қоғамдық бірлестігінің атқарушы директоры әрі үйлестірушісі Ольга Гумирова. Оның айтуынша, бұл саябақ Алматы қаласының Бас ботаникалық бағының оңтүстік-шығыс бөлігінде «Қазақстан» экспозициясының аумағында орналасады. Ауданы шамамен 2500 шаршы метрді құрайды. Мұнда Қазақстанның дала өсімдіктерінің топтамасы да қойылады. Алматы қаласы Бас ботаника-



лық бақтың маркетинг және даму бөлімінің директоры Баян Қоспенбетованың сөзіне қарағанда, «Арқалан» петроглифтер саябағы еліміздің тарихына тура мағынада әсер етудің бірегей мүмкіндігі ғана емес, сонымен қатар ата-бабалар заманындағы өсімдіктер әлемін көруге мүмкіндік береді. Мұндай көрініске куә бола отырып, осының бәрін болашақ ұрпаққа қалай сақтау керектігі туралы еріксіз ойланасыз. «Арқалан» саябағының көркем нысандары авторларының бірі петроглифші Санжар Жұбанов – қазақтың ежелгі ою өнерін таста жаңғыртқан атақты суретші. Оның туындылары көрнекті табиғи орындарда да, әртүрлі галереяларда да кездеседі.

гіз болды. Менің мақсатым – ата-бабамыздан бізге мұра болып қалған бейнелердің барлық сұлулығы мен әсемдігін замандастарыма көрсету, – дейді тасқа сурет салу техникасын көрсеткен С.Жұбанов. Ал «Петроглифтер аңшылары» волонтеры, Бекен ата қорының атқарушы директоры Бекбол Нұрмұханбетов: «Қазір бүкіл әлемде ғылыми волонтерлік күшейіп келеді. Бұл арнайы білімі жоқ, бірақ оқу пәніне шын көңілмен қарайтын адамдар жүргізетін зерттеу әрекеті. Солардың арқасында көптеген тың жаңалықтар ашылып, тарихи орындар сақталып отыр» дегенді айтты.

Ерлік ЕРЖАНҰЛЫ, «Заң газеті»

КИЕ

ТІЛ – ТОЗБАЙТЫН ҚАЗЫНА

Қазақ тілі – Қазақстан Республикасының мемлекеттік тілі. Қазақ тілі – әлемдегі тілдердің ішіндегі ең бай, көркем тілдердің бірі.

Тіл – қай елде, ұлтта болсын қастерлі, қасиетті, құдіретті. Тіл әрбір азаматқа ана сүтімен беріліп қалыптасады. Ана сүтімен бойға енген қасиеттер туған тілдің арқасында дамиды. Туған тілге деген құрмет пен сүйіспеншілік бала кезден басталуы керек. Айналада адамдарға, өзіңнің өскен ортаңа, Отанға деген ерекше сезім мен көзқарас та туған тіліңді білуден басталады. Тіл – халықтың рухани, мәдени байлығының дамуының құралы.

Қазақ тілі – халқымыздың рухани байлығы, атадан балаға, ұрпақтан-ұрпаққа мирас болып келе жатқан баға жетпес асыл мұра. Ана тілдің қасиеті туралы қанша айтсақ та таусылмайды. Азаматтың қолындағы барлық асыл заттары тозады, жоғалады, ал тіл тозбайтын ең қымбат мұралардың бірі.

Тіл байлығы – әрбір ұлттың мақтанышы. Әр азамат өзінің ана



Арай МЕДЕТОВА, Ақтөбе облысы мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының бас маманы – сот мәжілісінің хатшысы


тілін, көзіңіз қарашығындай қарауы және оның орынсыз шұбарлануына қарсы тұруға тиіс.

Тілге деген құрмет – халыққа деген құрмет. Демек әрбір қазақстандық мемлекеттік тілді құрмет тұтуы тиіс. Тіл мәртебесі – ел мерейі. Ана тіліміздің мәртебесін үстем етіп, еліміздің мерейін көтерейік. Тілсіз халықтың, елдің өмір сүруі мүмкін емес. Әлем таныған ел болу үшін ана тіліміздің жұлдызын биіклетуіміз керек. Бұл біздің басты парызымыз.

СЫРҒЫМА ҚАУПІ

СЫРҒЫМА – жер қыртыстарының ауырлық күйінің ықпалымен өзендер мен көлдер, теңіздердің тік жағалауларынан, таулар мен сай қырлардың жырларынан топырақ массасы мен тау жыныстарының төмен қарай сырғанауы.

Көбінесе жырлардың сумен шайылуы, топырақтың жауын-шашынмен шектен тыс мол ылғалдануы, жер сілкінуі немесе адамның іс-әрекеті (жарылыс жұмыстары, жар қабаттарынан топырақ қазу, жол салу), т.б. Топырақ массаларының сырғуы тұрғын үйлер мен өндірістік-ғимараттардың, инженерлік жол құрылымдарының, магистральды құбырлармен электр тасымалдау бағаналары қирап құлауына, сондай-ақ адамдардың зақымданып немесе мерт болуына әкеліп соғуы мүмкін. Сырғыма қаупінің белгілері төбе, жар беткейлерінде жаңа сызаттар мен жарық іздері пайда болуы немесе жер асты суларының жер бетіне шығуы болып табылады.



**М. УСЕРБАЕВ,
ҚР ТЖМ «Қазселденқорғау» ММ «Оңтүстік аумақтық пайдалану-техникалық басқармасы» филиалы Шымкент өндірістік-пайдалану бөлімшесінің басшысы**

ҚАР КӨШКІНІ ҚАУПІ БАР АЙМАҚТАРДА ҚАУІПСІЗДІК ШАРАЛАРЫН САҚТАУ:

- Таулы аймақтардағы жағдайларды бұқаралық ақпараттық құралдарынан тыңдаңыз;
- Қатерлі аймақта тоқтаусыз жаңбыр жауса, ол жерден тез арада кетуге тырысыңыз;
- Келе жатқан көшкін ағынына 50-60 м жақындамаңыз;
- Тау шеттеріне және көшкін ағатын аймаққа тоқтамаңыз;
- Қауіпті жерлерде адамдар арасындағы қашықтық 20-30 м болсын;
- Қауіп бар аймақтарға тынығуға бармаңыз, көлдің жағасына лагерь палаткасын тікпеңіз;
- Көшкін болатынын сезген жағдайда, тауға шығып, неғұрлым алысырақ кетуге тырысыңыз;
- Көшкін өткеннен кейін ол жерге түспеңіз, себебі ол жерде тағы да көшкін қаупі болуы ықтимал;
- Қауіпті аймақтарда қауіпсіздік шараларын сақтаңыз;
- Теңіздің мұз жағында болу, қауіп төнген жағдайда дауыл толқыны болмағанда ауа температурасының жағымсыз жағында болу;
- Көлдің бөгет бойымен, жылжып жүрген үлкен мұздың немесе қар көшкіні үстімен жүрмеңіз;



**М. УСЕРБАЕВ,
ҚР ТЖМ «Қазселденқорғау» ММ «Оңтүстік аумақтық пайдалану-техникалық басқармасы» филиалы Шымкент өндірістік-пайдалану бөлімшесінің басшысы**



ТАРАТУ

3. «RC PLAY» ЖШС, БСН 191040025768, өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Қазақстан, Алматы қаласы, Медеу ауданы, Достық даңғылы, 12/24 ғимарат, 75-пәтер. Тел.: 87017225277.

4. «Алаш Ритейл» ЖШС, БСН 190940021973, өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Қазақстан, Шығыс Қазақстан облысы, Риддер қаласы, Безголосов көшесі, 9-ғимарат, индекс 071300. Тел.: 87233646206.

5. «Лучший LTD» ЖШС, БСН 181140018945, өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Қазақстан, Абай облысы, Семей қаласы, Засядко көшесі, 65 үй, индекс 071400. Тел.: 87025195858.

6. «Алекс - Дизайн» ЖШС, БСН 230740010178 (Қазақстан, Алматы қаласы, индекс 050000, Алмалы ауданы, Байзақов көшесі, 125-үй), өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Алматы қаласы, Достық даңғылы, 12/24 ғимарат, 75-пәтер. Тел.: 87017225277.

9. «Ибрагим» ауылшаруашылық өндірістік кооперативі (БСН 160440024786) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: 021299, Қазақстан Республикасы, Ақмола облысы, Зеренді ауданы, Бұлақ ауылы, Достық көшесі, 1-үй.

10. «Ақмола облыстық білім басқармасының Зеренді ауданы бойынша білім бөлімі Қарлыкөл ауылының бастауыш мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі таратылатыны туралы хабарлайды (БСН 021240002376). Шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Қазақстан Республикасы, 021200, Ақмола облысы, Зеренді ауданы, Зеренді селосы, Ленин көшесі, 43.

11. «NAD corporation» ЖШС (БСН 191040011400) өзінің ерікті түрде таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: ҚР, Астана қ., Есіл ауданы, Күлтегін көшесі, 5-үй, 281-пәтер.

12. «Ақмола облысы білім басқармасының Ерейментау ауданы бойынша білім бөлімі» мемлекеттік мекемесі «Ақмола облысы білім басқармасының Ерейментау ауданы бойынша білім бөлімінің жанындағы Еркіншілік ауылының «Еркетай» бөбекжайы» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорнының таратылатыны туралы хабарлайды (БСН 060440007041). Шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Қазақстан Республикасы, Ақмола облысы, Ерейментау ауданы, Ерейментау қаласы, әл-Фараби көшесі, 10.

13. «Ақмола облысы білім басқармасының Ерейментау ауданы бойынша білім бөлімі» мемлекеттік мекемесі «Ақмола облысы білім басқармасының Ерейментау ауданы бойынша білім бөлімінің Шакей ауылының бастауыш мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің таратылатыны туралы хабарлайды (БСН 131040006186). Шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Қазақстан Республикасы, Ақмола облысы, Ерейментау ауданы, Ерейментау қаласы, әл-Фараби көшесі, 10.

14. «CONTRACT ОАО» ЖШС, БСН 200740009011 өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: ҚР, Алматы қаласы, Алатау ауданы, «Дархан» ықшамауданы, Теректі көшесі, 1-үй.

15. «Кредитное товарищество «Акжол-2012» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі, БСН 120440022788, өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Қазақстан Республикасы, Батыс Қазақстан облысы, Бәйтерек ауданы, Белес ауылы, Жеңіске 60 жыл көшесі, 1а үй.

16. «Ясли-сад «Нұрсәул» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі, БСН 201040034305, өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: ҚР, Абай облысы, Семей қаласы, 343 орам, ғимарат 13/1. Тел.: 87713691078.

17. «ТТ АГРО МОТО» ЖШС, БСН 230240027500, өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: ҚР, Алматы қаласы, Бостандық ауданы, «Көктем-2» ықшамауданы, 19А үй. Тел.: 87777175640.

18. «Ramul» ЖШС, БСН 180740031406, өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Астана қаласы, Сарыарқа ауданы, Бөгенбай батыр даңғылы, 28 үй, 96-пәтер, тел.: +77771103062.

19. «EGE KST» ЖШС, БСН 230240016951, өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Қостанай қаласы, Толстой көшесі, 50-үй, 52-кеңсе.

23. «Нур Хан-Тенгри» ЖШС, БСН 160240004675, өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Алматы қаласы, Қалқаман-2, Әбілов көшесі, 12-үй. Тел.: +77017182945.

24. «АВТС» ЖШС, БСН 210840033652, өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: ҚР, Астана қаласы, Қорғалжын тасжолы, 13/3. Тел.: 87757208325.

25. «Соаясол» ЖШС, БСН 121040004712, 2023 жылғы 10 қарашада серіктестік құрылтайшыларының серіктестікті тарату туралы шешім қабылдағанын хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: ҚР, Алматы облысы, Ескелді ауданы, 8 март көшесі, 14-үй.

35. «БЕК-А Servis» ЖШС (БСН 190540025723) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай ішінде мына мекенжайда қабылданады: Ақтөбе облысы, Алға ауданы, Алға қаласы, Жеңіс көшесі, 10-үй, 23-пәтер. Тел.: 87054951997.

ӘРТҮРЛІ

7. «AcMar Групп» ЖШС, БСН 190240004333, несиегерлері мен мүдделі тұлғаларға «AcMar Групп» ЖШС-нің жарғылық капиталының 8 000 000 (сегіз миллион) теңгеден 100 000 (жүз мың) теңгеге дейін азайғаны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Қазақстан Республикасы, Алматы қаласы, Алмалы ауданы, Төле би көшесі, 156-үй, 16-пәтер, индекс 050026. Тел.: 87074719717.

8. «AL-AMINA (АЛЬ-АМИНА)» ЖШС, БСН 070540000793, жарғылық капиталының мөлшері азайғаны туралы хабарлайды. Осыған байланысты несиегерлері мен мүдделі тұлғалардың Серіктестікке хабарласуын сұраймыз. Мекенжайы: Алматы қаласы, Амангелді көшесі, 64А үй. Телефон: 87779874421.

20. «Рахат Resort» емдеу-сауықтыру кешені» ЖШС ұйымы, БСН 221040048676, өз кредиторларын және мүдделі тұлғаларды жарғылық капиталды азайту туралы хабардар етеді. Шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап 1 ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: ҚР, Қаскелең қаласы, А.Байғазиев көшесі, 213-үй.

21. «Симетра» МҚҰ» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі, БСН 221240035790, өзінің орналасқан жерінің келесі мекенжайға өзгергені туралы хабарлайды: Алматы қаласы, Жетісу ауданы, Рысқұлов даңғылы, 48а, 312-кеңсе. Телефон: +7747242426.

22. «Danuoney» микроқаржы ұйымы» ЖШС, БСН 190340026586, ҚР Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігіне микроқаржы қызметін жүзеге асыруға лицензияның қолданылуын тоқтату туралы өтінішпен ерікті түрде жүгінгені туралы хабарлайды. Шағымдар жарияланған күннен бастап 2 ай ішінде мына мекенжайда қабылданады: Астана қаласы, Сарайшық көшесі, 38 үй, 57-пәтер, индекс 010000.

32. Павлодар облысы, Ақсу қалалық сотына Павлодар облысы, Ақсу қаласы, Қамзина көшесі, 12-үй, 102 пәтер мекенжайында тұратын Көшес Жанат Шалабайұлынан 01.01.1970 жылы туған, Павлодар облысының тумасы Көшесев Қанағат Шалабайұлын қайтыс болды деп тану туралы өтініш түсті. Осы азаматтың тұрғылықты жері туралы ақпараты бар барлық тұлғалардың Ақсу қалалық сотына 87183750939, 87081739721 телефондары бойынша үш ай ішінде хабарласуын сұраймыз.

28. «Отан Finance» ЖШС несиегерлерінің назарына! Алматы қаласы, Наурызбай батыр көшесі, 89 үй мекенжайында орналасқан «Отан Finance» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі, БСН 101240016284, өзінің «Бальяна» ЖШС-не, БСН 060140003305, қосылуы арқылы қайта ұйымдастырылатыны туралы хабарлайды. Қосылудың тәртібі мен шарттары:

- қайта ұйымдастыру ерікті түрде жүзеге асырылады;
 - «Бальяна» ЖШС қайта тіркеуден өткен сәттен бастап «Отан Finance» ЖШС-нің мүлкі (құқықтары мен міндеттері) беру актісіне сәйкес «Бальяна» ЖШС-не өтеді;
 - «Бальяна» ЖШС қайта тіркеуден өткен сәттен бастап «Отан Finance» ЖШС-нің қызметі тоқтайды.
- Несиегерлердің қосымша кепілдіктері не мерзімінен бұрын тоқтатуы немесе «Отан Finance» ЖШС-нің міндеттемелерін орындауы және шығынды өтеуі туралы талаптары жоғарыда көрсетілген мекенжайда қабылданады. Тел.: +77028881295.

29. «Бальяна» ЖШС несиегерлерінің назарына! Алматы қаласы, Төле би көшесі, 73А үй мекенжайында орналасқан «Бальяна» ЖШС, БСН 060140003305, өзіне «Отан Finance» ЖШС-нің, БСН 101240016284, қосылуы арқылы қайта ұйымдастырылатыны туралы хабарлайды. Қосылудың тәртібі мен шарттары:

- қайта ұйымдастыру ерікті түрде жүзеге асырылады;
- «Бальяна» ЖШС қайта тіркеуден өткен сәттен бастап «Отан Finance» ЖШС-нің мүлкі (құқықтары мен міндеттері) беру актісіне сәйкес «Бальяна» ЖШС-не өтеді;
- «Бальяна» ЖШС қайта тіркеуден өткен сәттен бастап «Отан Finance» ЖШС-нің қызметі тоқтайды.

Несиегерлердің қосымша кепілдіктері не мерзімінен бұрын тоқтатуы немесе «Бальяна» ЖШС-нің міндеттемелерін орындауы және шығынды өтеуі туралы талаптары мына мекенжайда қабылданады: Алматы қаласы, Байзақов көшесі, 280, н.п. 79. Тел.: +77028881295.

30. Қармақшы ауданы, Төретап кентінің тұрғыны болған, 17.12.1979 жылы туған Абдулов Руслан Бақитбековичті, 17.01.2019 жылдан бастап хабар-ошарсыз кетуіне байланысты анасы Ахметова Саркыт Избаскановна іздеу сәтінде. Қармақшы аудандық сотының 28.03.2023 ж. ұйғарымымен хабарландыру жарияланған күннен бастап үш ай мерзім ішінде көрген-білген кісілер болса, мына телефондарға хабарласуын сұраймын: 87774529993, 87059639312.

ЖОҒАЛТУ

2. Ахмет Оралбай Әжіқұлұлына, ИИН 780827302618 (Астана қаласы, Кенен Әзірбаев көшесі, 14 үй) берілген зейнеткерлік куәлік жоғалуына байланысты жарамсыз деп танылсын.

27. Ибрагим Манарбек Көрпетайұлының атына берілген 2022 жылғы 01.09 ҚР ҚМ зейнеткерінің №023299 куәлігі жоғалуына байланысты жарамсыз деп танылсын.

Қазақстан Республикасының Жоғарғы Соты мен Сот әкімшілігінің ұжымы Қазақстан Республикасы Конституциялық Сотының судьясы Қыдырбаева Айгүл Қуанышбайқызына
сіңлісі Анар Қуанышбайқызының
қайтыс болуына байланысты ауыр қайғысына ортақтасып көңіл айтады.
Астана қалалық сотының ұжымы ҚР Конституциялық Сотының судьясы Қыдырбаева Айгүл Қуанышбайқызына
сіңлісі Анар Қуанышбайқызының
қайтыс болуына байланысты орны толмас қайғысына ортақтасып, көңіл айтады. Марқұмның топырағы торқа, жаны жәннатта болсын.
Қарағанды облыстық сотының судьялар ұжымы мен Қазақстан Республикасының Судьялар одағы Қарағанды облыстық филиалы Қарағанды қаласы Әліхан Бөкейхан аудандық сотының отставкадағы судьясы Айтжанов Қайырхан Мейірханұлына
әкесі Мейірхан Айтжанұлының
дүниеден өтуіне байланысты қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

ЖАРНАМА БӨЛІМІ:

Алматы қаласы
Тел.: 8(727) 292-43-43,

8 (708) 929-98-74

E-mail:
zanreklama@mail.ru

ЖАРНАМА ҚАБЫЛДАЙТЫН ОРЫНДАР:

«Media page kz» ЖК, ZANGAZET.KZ - Алматы қаласы, Ақтоқын көшесі, 4Б, 2 қабат, 3 кеңсе.
www.zangazet.kz, WhatsApp: 8 707 388 40 80.

ЖК «Қандыбаева», Газеттерге, журналдарға және сайттарға хабарландыру қабылдау агенттігі: 8(727)327 30 92, тел/факс: 273 47 98, 8 707 895 21 99, 8 701 739 27 83, 8 705 185 75 73
www.gazetytsaity.kz, e-mail: vsegazety@mail.ru
Алматы қ., Абылай хан даң., 60, Мақатаев көш.кылысы, 208 кеңсе.

«KAIIROS» ЖК, Алматы қаласы, Жібек жолы даңғылы, 55, Пушкин көшесімен қиылысы, «Алма» СО, 4 қабат, ресепшн, тел.: 271-49-39, 8707 705-92-22. E-mail: kaldybaeva@mail.ru. Барлық хабарландыруды What's app бойынша қабылдаймыз.

ЖК «Gold Service» Нұр-Сұлтан қ., Абай көшесі, 78, 105-кеңсе. Тел.: 8 (7172) 52-02-11, 8(702)839-90-86.
«Sokrat-PV» Юридическое агенство» ЖШС, Павлодар қаласы, Крупская көшесі, 61, кеңсе 23. Телефон: 87027159520; 87182221266 (жұмыс).
«Назар-1 фирмасы» ЖШС («РУТА» ЖА), директоры Кривошова Татьяна Ивановна. Шымкент қ., Г.Ильяев көшесі, 47 (Шаймерденов қ. бұрышы) РВК банктің жанында. Тел.: 8 (7252) 53-40-48. WhatsApp : +7-705-705-31-31. E-mail: pazar.reklama@gmail.com
ЖК «Trade and service», Алматы қ., ша/а Жетісу-3, 55/133.
ЖК «Аюбаева», Қарағанды қ., Жамбыл көшесі, 11. Тел.: 8 (7112) 42-00-71.
«Грация» ЖШС, Атырау қаласы, Махамбетов көшесі, 107-а, 2-бөлме, тел.: 32-14-29, 30-65-24, 8701 920 4538.
«ЮрСлужба» ЖШС, Көкшетау қ., Е. Әуелбеков көшесі, 129. Тел.: 8 (7162) 25-77-17,8(747) 8097074.

«Версия-Пресс» ЖШС, Павлодар қ., Естай көшесі 40. Тел.: 8 (7182) 32-47-67,32-49-04
Қалиасқаров Нұрлан Нұрғисыұлы ЖК, Петропавл қ., С.Сүтісов көшесі,58,30-бөлме,3-қабат. Тел.: 8 (7152) 46-02-57,ұялы тел.: 8 (777) 572-29-91, 8 (701) 315-54-59.
ЖК «Бакирова Г.», Шымкент қ., Желтоқсан көшесі, 18. Әділет Департаментінің жанында. Тел.: 8 705 714 58 77.
Михеева Ольга Станиславовна ЖК, Қостанай қ., Гоголь көшесі, 110, ВП 67 (Чехов-Гоголь көш. қиылысы), Тел.: 8-714-2-50-97-07, ұялы тел.: 8-7758847211,8-7053506918.
«Озат-1» ЖШС, Ақтөбе қ., Алтынсарин көшесі 31. Тел.: 8 (7132) 40-41-05,ұялы тел.: 87774348344 және Ақтау қаласы.
ЖК «SAPA KZ» Атырау қаласы, ұялы тел.: 87781063779, e-mail:zan-at@mail.ru.
«Юридическая фирма «Консультант» ЖШС Орал қ.,Л.Толстой көшесі,28. Тел.: 8 (7112) 50-88-05.

«Реклама» ЖШС, Орал қ., Достық-Дружба даңғылы, 182. Тел.: 8 (7112) 50-47-34.
«Компания Жете» ЖШС, Талдықорған қ., ш/а, Молодежный 3-үй, 1-п. Тел.: 8(7282) 24-29-66, 87058147221.
ЖК Гавриленко И.И., Қостанай қ., пр. әл-Фараби 119-үй,407-А бөлме. Тел/факс: 8 (7142) 53-63-21.
«Жас Отау» ЖК Қыдырбаева Н.Н.Қызылорда қ., Әйтеке би көшесі, 27. Тел.: 26-45-89, ұялы тел: 8 (777)402-28-28; 8 (700) 332-24-78
ЖК Тажибоева, Тараз қаласы, Қойкелді көшесі 158 а, ХҚО аумағы. Ұялы тел.: 87017268772, 87054422939.
ЖК Новоселова Лилия, Петропавл қаласы, Қазақстан Конституциясы көшесі, 28-үй, 1-қабат. Тел.: (87152) 46-74-77, 8-777-228-64-13.
ЖК «Reklam Service», Тараз қаласы, Төле би көшесі, 73 (ауладан кіру). Тел.: 8(7262)502222, ұялы тел: 87019457336 Татьяна.
ЖК «Вьдай», Өскемен қаласы, 60. Тел.: 8(7232) 578414, ұялы тел.: 87772256506.

БАЙҚАУҒА!

(Соңы. Басы №85, 86 сандарда)

Әсия арқылы жүргізушінің кім екенін білуге тырысыңыз. Ол қызға Бутон зиянын тигізіп жүрмей ме? Сосын, қыздың қасындағы сыбайластарын ұстап беруге келісетініне қандай кепілдік бар? Облыстағыларға Арқанбай Ароновтың араласатын адамдарын анықтауды тапсырайық. Артық етпейді. Сіз Бутонның осы жерден кетіп қалмауының шарасын алыңыз. Барыңыз, босссыз.

Бірің сағаттан кейін толық жігіт Болаттың алдында отырды.

– Не бүлдіріп қойдыңыз Бутон? Кеше тып-тыныш жүр едіңіз ғой?

Лақап атын естіген жігіт селкі етті. Артынша есін жиып:

– Мен «Бутон» емес, Арқанбай Ароновпын және ештеңе бүлдірген жоқпын! Өзіммен-өзім келе жатқанда бір жігіт ұрынып, төбелесіп қалдық. Сол жерде қайдан шыққанын білмеймін, полицейлер жетіп келді. Жаңағы жігіт ақша сұрап ұрды деп үстімнен арыз жазды. Қайдан пайда болғанын білмеймін және бір әйел келіп, әлгіні жақтап қуә болды. Біз төбелескенде ол жерде ешкім болған жоқ еді. Мұның бәрін әдейі ұйымдастырған сіз бе? Қысқасы, мені түрмеге тығуыңызға себеп табылды. «Қасқырдың аузы жесе де қан, жемесе де қан» дегендей, бұрын сотталған деп, бәріне мені кінәлі етпексіз ғой, – деді.

– Сіздің қалтаңыздан есірткі шығып отыр. Сыртында саусақ таңбаңыз бар.

– Оны полицейлер қалтама әдейі салып жібергенде шығарып тастадым. Мұның бәрі маған жала жабу. Мен шағымданатын боламын. Бұлай қалдырмаймын, жұмыстан кетесіздер.

– Әрине, шағымдануға құқылысыз. Бізде сізді тұтқындау сәтінен бейнетүсірілім бар. Онда сіз есірткіні жалма-жан қалтаңыздан шығарып тастап жатсыз. Есірткімен сіз қанша жылға кететініңізді білетін боларсыз?

– Сонда не айтқыңыз келіп отыр, нәшәндік?

– Сарғаттың өліміне сіздің қатысыңыз бар. Оны бір адам көрген. Сол сипаттап беріп отыр. Қара джиптегі жүргізушіні қоспағанда қасыңызда тағы екі адам болды. Таңертеңгі сағат 10-11 арасында Сарғат қармақ құрып тұрған жерге жеттіңіздер. Үшеуіңіз жабылып ұрып, оны өлімші еттіңіздер. Сіз бен қасыңыздағы арықша келген жігіт оның қолынан ұстап тұрдыңыздар да қызыл куртқалы серігіңіз жүрек тұсынан пышақ салды. Осыдан кейін өлі жігітті көлікке салып алып, жолай суға лақтырдыңыздар. Қасыңыздағы үш серігіңізді де кешікпей темір торға тоғытамыз, – деді Болат.

– Қалай табасыздар? Ауаны иіскеп пе? «Қызыл куртқалы» дейсіз, ондай куртқа екінің бірінде бар. Арық, толық адамдар да солай. Сонда не, солардың бәрін қылмыскер деп түрмеге тоғытасындар ма? Бет-бейнесін көріп алмай, түр-тұрпатына бола адамдай қалай ғана кінәлейсіздер? Адам өлтірген толық жігіт мен емеспін. Мың жерден жала жабуға тырысаңыз да солай. Жасамаған қылмысты мойныма ілу қолыңыздан келмейді.

ШЕТКІ ҮЙ



(Детектив)

– Неге? Бізде Әсия бар ғой. Ол мұнда не үшін келгендеріңді жасырмай айтты. «Қалай табасыздар?» деп сөзден де жаңылдыңыз. Сарғатты үйді сатуға көндіре алмадыңыздар. Содан кейін оны өлтіріп, Тарханды кінәлі етіп, үйді Әсияның атына аударуды ойладыңыздар. Жоспар бойынша ол қыз ауру әйелді қарттар үйіне тапсырып, үйді қымбат бағаға сатады. Тұтынушы дайын тұрған да шығар. Қыздан ақшасын алған соң көзін құртасыздар. Ол бір жаққа қашып кетпес үшін сіз қасында жүрсіз. Ұйымдасқан қылмыстық топ құрғандарыңыз үшін қанша жылға кететініңізді жақсы білесіз. Оған есірткімен ұсталғаныңызды қосыңыз.

Аронов басын ұстап отырып қалды да, еңсесін тіктеп:

– Жарайды, нәшәндік сен жеңдің! Мен бәрін айтып беремін! Жалғыз ғана шартым бар, есірткіні алып тастайсындар, – деді.

Қылмыскердің баяндауына шеткі үйді ұйымдасқан қылмыстық топтың басшысы өзеннің арғы бетінде қарама-қарсы тұрған коттедждегі туысының туған күніне барғанда көріп, қатты қызыққан. Онда кімдер тұратынын сұрап, анықтаған. Барып сөйлескенде иесі сатуға көнбеген. Екінші рет келіп қомақты сома ұсынғанда тағы да бас тартқан. Сол жолы Сарғаттың қарындасы Әсияны көрген. Оның өздерімен бірге жүрген Айсамалдан аумайтынына қатты таң қалған. Сөйтіп екі қызды алмастыру туралы ойға кеткен. Ол үшін Арқанбай бірнеше күн бұрын осында келіп, топ басшысының туысының үйіне орналасып, Тарханмен бірге жүретін жігіттермен танысқан. Шеткі үйде олармен бірнеше мәрте болғанда қыздың мінез-құлқын мұқият зерттеп, ұялы телефонмен Айсамалға жеткізіп отырған. Осыдан соң ұйымдасқан қылмыстық топтың басшысы қалаға оқуға келген Әсияны ұрлап кетуді ұйымдастырған. Қыздың телефоны Айсамалға берілген. Ал, Айсамалдың өзін бұлар кездейсоқ кездестірген. Оны кішкене кезінде

баласы жоқ отбасы асырап алған көрінеді. Перзентханада жеңілденген әйел егіз қызды өмірге әкелген ғой. Дәрігерлер оның біреуінен бас тартуға көндірген. Кішкентай шақалақты бір отбасыға сатып жіберген. Кейін оларда өз қандарынан екі ұл, бір қыз өмірге келгеннен кейін Айсамалды шетте бастаған. Ақыры бойжеткенді далада қалдырған. Осындай қиындыққа тап келген кезінде топ басшысы кездесіп өзінің тойханасына даяшы етіп жұмысқа алған. Оны ешқандай қылмысқа қатыстырмаған. Тек мына үйді қолды ету мақсатымен ғана пайдаланғысы келген. Айтуынша, қылмыстық топ бұған дейін жалғыз қалған адамдарды қорқытып-үркітіп, кейбіріне ақша ұсынып, үйлерін өздерінің атына аударуға көндіріп, қымбатқа сатып келген. Сарғатты өлтіруге Арқанбаймен бірге басшысы жұмсаған топтың екі мүшесі қатысқан. Ертеңіне олар қайтадан облыс орталығына кеткен. Шын Әсияның тірі-өлі екенінен қылмыскер хабарсыз. Ал, жалған Әсияның бәрі біткеннен кейін көзі құртылуы тиіс екен.

Ароновтан ұйымдасқан қылмыстық топ басшысының және басқаларының тұрағын біліп алғаннан кейін Қадыржан облыс орталығына аттанды. Сол күні-ақ шұғыл әрекет ету тобымен қылмыскерлер түгел құрықталды. Олардың баспаналарын тінткенде қару-жарақтар, ірі мөлшердегі ақша табылды.

– Маған не істеуім қажеттігін Аронов түсіндірді, – деді жалған Әсия – Айсамал криминалиспен әңгімесінде, – Үйге келгеннен кейін мен оған «Ол өлгенше, сен неге өлмедің?» деп айтуым қажет еді. Неге өйтүім керектігінен бейхабармын. Тархан сол жерде үндемей қалса да, мен оған бұрылып солай деуім керек. Бөле ағамның мені құшақтамақ болғаны да Арқанбайдың ойдан шығарғаны. Мұнда келмес бұрын Тарханның фотосын көрсеткен.

– Сіз ұйымдасқан қылмыстық топ құрамында болғандықтан, кісі өліміне қатысыңыз бар. Жап-жассыз, не істеп жүргеніңізді ойламадыңыз ба?

– Маған күнкөріс үшін қаражат қажет еді. Сол себепті Әсия ата-нұға келістім.

– Ауру әйелді қарттар үйіне тапсырмақ болдыңыз ба, әлде сізге ешкімге сездірмей оның көзін құрту жүктелді ме?

– Қарттар үйіне тапсыру, көнбесе өлтіру тапсырылды. Мен қылмыскер емеспін ғой. Адам өлтірейін деген ойым болған жоқ. Керісінше шамалы уақытта оған бауыр басып кеттім. Неге екенін білмеймін, ол маған туған анам сияқты көрініп, өзіне қарай магниттей тартты да тұрды. Арқанбайды алдап соғып, үйде сол әйелдің қасында қала бергім келді. Бірақ, мұны қалай жүзеге асырамын деп ойлап басым қатты. Өздерінің ақ адал еңбегімен салған үйлерінде тұрып жатқан әйелді, оның жиегін баспаналарынан айырғанда не ұтамын, сөйтіп алған ақша маған қайыр бере ме деп жаным күйзеліп жүрген. Қашып кетсем бе екен деп те ойладым. Алайда, өйтер болсам сіздер соңыма түсіп, қылмыскер атанатынымды білдім. Сонымен қатар, тұңғыш рет өзім үшін емес, үй иесі әйелдің өмірі үшін қорықтым. Ароновтан бәрін күтуге болады ғой. Сосын, не болса да көріп алайын деп артын күттім. Сіздер бұл іске дұрыстап кіріскеннен кейін кешікпей бәрі шешілетінін сездім.

– Мұның бәрін ақталу үшін ойдан шығарып отырсыз? Рөлде жақсы ойнайды екенсіз. Жаныңыз күйзелсе бұған дейін, біз іздеріңізге түспес бұрын неге өз аяғыңызбен келіп айтпадыңыз? – Болат қызға барлай көз тастады.

– Маған сену, сенбеу өз еркіңіз ғой, аға!

– Үйді атыңызға өткізген соң алда не күтіп тұрғанын білесіз бе? Қылмыскерлер ақшаны қолды етіп, сізді өлтіруді жоспарлаған.

– Менің өмірімді сақтап қалғандарыңыз үшін сіздерге

үлкен рақмет! Тергеу ісіне қолымнан келгенше көмектесуге дайынмын.

– Біз ұйымдасқан қылмыстық топты толық құрықтадық. Өміріңізге төнер қауіп сейілді. Бірақ, әзірге бақылауымызда боласыз. Маған топ басшысының жүргізушісі туралы ештеңені бүгіп қалмай толық айтып шығыңыз. Содан кейін сізді бір тосын сый күтіп тұр.

Айсамал қажетті мәліметтерді бергеннен кейін Болат ішке бір жігітті алдырды.

– Әсия да осында екен ғой, – деген жігіт Айсамалға күлімдей қарады.

– Бұл Әсия емес, басқа қыз! Бізге айтқаныңызды түгел қайталап шығыңыз, – деді криминалист оған бұрылып.

– Менің есімім Қарахан, – деді бөлмеге енген жігіт, – Осыдан біраз күн бұрын жағада ұлыммен бірге мал бағып жүрген едім. Ойнап жүрген балам: «Жағада мас апа ұйықтап жатыр» деп шауып келді. Барсам бір жас қыз жатыр. Есінен танып қалыпты. Содан үйге алып келіп, жұбайым екеуіміз жақсылап қарасақ, басынан жарақат алған екен. Қаладан шалғай жатқаннан кейін облыс орталығына жеткізе алмадық. Ит-құс бар, малды қалай тастап кетемін. Қолдан келген емімізді жасадық. Үйге әкелгеннен кейін қайда тұратынын айта алмады. Бірнеше күннен соң өз-өзіне келіп, осында тұратынын, есімі Әсия екенін жеткізді. Біреулер ұрлап кетіп, жасырып қойған. Кейін қашып шығып, артынан қуғандар жақындағанда көпірден өзенге секірген. Ол жерде ағыс қатты екен. Қызды шыр үйіріп айналдырып, өзімен бірге ала жөнелген. Ығып келе жатып басын қатты нәрсеге соғып есінен танған.

«Қырық күн қырғын болса да, ажалды өледі» дегендей, сол сәт су астынан әлдене көйлегінің етегінен іліп, қалқып тұрып қалған. Есін жиып, жандармен тырмысып, жағаға шығып құлаған.

– Енді, Әсияны ішке шақырыңыз, – деді Болат қасында отырған инспекторға.

Есік ашылып, Айсамалдан аумайтын қыз ішке енді. Оны көріп Қарахан орнынан ұшып тұрды.

– О, құдайым, бұлар сонда егіздер ме?

– Иә, – деді Болат – Екеуі бір анадан туған. Егіздердің біреуін кішкентай кезінде дәрігерлер баласы жоқ отбасына сатып жіберген. Олар кімдер екенін де анықтадық. Біз қазір бір емес, екі қылмысты ашып отырмыз. Әсия, бұл сенің туған апаң! Тағдыр осындай жағдайда бастарыңды қосып тұр. Ағаңның өліміне Айсамалдың еш қатысы жоқ. Сарғат туған ағасы, үйдің иесі анасы екенін білмей келіп отыр. Бірақ, ұйымдасқан қылмыстық топ құрамында болғаны үшін оған қандай жаза тағайындалатынын сот шешеді. Қарахан қызды құтқарып қалғаны үшін саған рақмет! Қазір үшеуіңіз де босссыздар. Үйлеріңізге бара беріңіздер. Керек кезде өзіміз шақыртып аламыз.

Екі қыз бір-біріне көз алмай қарап тұрды да, бойларындағы бауырластық сезім оянса керек, жүздерін жас жуып құшақтаса кетті. Өздерінен басқаның бәрін ұмытқандай.

Қанат ҒҰМАРОВ
АТЫРАУ ОБЛЫСЫ

ЗАҢ газеті

Редакторлар кеңесінің төрағасы – директор **Досымбек ӨТЕҒАЛИЕВ**

Бас редактор **Айнұр СЕМБАЕВА**
Бас редактордың орынбасары **Шолпан ҚАРАЕВА**

Нөмірдің кезекші редакторы **Ерлік КЕБЕКБАЙ**

Меншік иесі:

«ЗАҢ» МЕДИА-КОРПОРАЦИЯ»

ЖАУАПҚЕРШІЛІГІ ШЕКТЕУЛІ СЕРІКТЕСТІГІ

МЕНШІКТІ ТІЛШІЛЕР:

Астана	Айша Құрманғали 8 707 851 91 13.
Алматы облысы	Нұрбол Әлдібаев 8 701 357 66 84.
Ақтөбе облысы	Жансая Есмағанбетова 8 705 398 62 83.
Атырау облысы	Боранбай Ғалиев 8 775 543 03 80.
Маңғыстау облысы	Жазира Әбіл 8 702 514 54 44.
Қызылорда облысы	Гүлбану Мақажан 8 701 697 39 86.
Түркістан облысы	Сейітхан Құлмаханбетов 8 707 721 19 59. Шадияр Мекенбайұлы 87757335665
Батыс Қазақстан облысы	Нұрлыбек Рахманов 8 707 177 80 70.

РЕДАКЦИЯНЫҢ МЕКЕНЖАЙЫ:

050012, Алматы қаласы,
Х.Досмұхамедұлы көшесі
68 «б»-үй.
Қабылдау бөлмесі:
292-43-43, 8 708 929 9874, zangazet.kz

E-mail: zanreklamaastana@mail.ru

«Заң газеті» аптасына 2 рет –
сейсенбі, жұма күндері жарық көреді.
Жеке таралым 5570 дана
Апталық таралым 11 140 дана

Тапсырыс №173 Индекс 65921

Газет Қазақстан Республикасы бойынша таралады

Газетіміздің электронды нұсқасын ZANMEDIA.KZ сайтынан оқи аласыздар.

Газет бетіндегі жарияланымдардың позициясы мен фактілері үшін редакция жауап бермейді.

Жарнама мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауапты. Жарнама берушінің жіберген қателігіне байланысты талал-тілектер хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде қабылданады.

Газетті есепке қою туралы №16297-Г куәлікті 2017 жылғы 12 қаңтарда Қазақстан Республикасының Ақпарат және коммуникация министрлігі берген.

Газеттің терімі мен бет қаттау жұмыстары «Заң» Медиа-корпорация» ЖШС компьютерлік орталығында жасалды. Алматы облысы, Іле ауданы, Өтеген батыр ауылы, Сейфуллин көшесі, 2«б», «Принт плюс» ЖШС баспаханасында басылып шығарылды. Тел.: факс: 8 (727) 51-78-27, 8 (727) 51-78-31